

Жеке тұлғаға банктік қызмет көрсетудің кешенді шартының үлгілік формасы

Бекіткен:

*«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамының Басқармасы
2022ж. «23» ақпандағы №24-22 хаттама
«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі
2022ж. «04» наурыздағы №04/03/22-01 хаттама*

*Басқарма бекіткен өзгертулер және толықтырулармен қоса
2022 ж, «26» тамыздағы №107-22 хаттама*

*Директорлар кеңесі
«Jusan Bank» АҚ-пен ерекше қатынастармен
байланысты жеке тұлғалар үшін
2022ж. «05» қазандағы № 05/10/22-01 хаттама*

*Басқарма бекіткен өзгертулер және толықтырулармен қоса
2023 ж, «26» мамырдағы №58-23 хаттама*

*Директорлар кеңесі
«Jusan Bank» АҚ-пен ерекше қатынастармен
байланысты жеке тұлғалар үшін
2023ж. «31» мамырдағы № 31/05/23-01 хаттама*

*Басқарма бекіткен өзгертулер және толықтырулармен қоса
2023 ж, «15» қыркүйектегі №102-23 хаттама*

*Директорлар кеңесі
«Jusan Bank» АҚ-пен ерекше қатынастармен
байланысты жеке тұлғалар үшін
2023ж. «11» қазандағы № 11/10/23-01 хаттама*

*Басқарма бекіткен өзгертулер және толықтырулармен қоса
2024 ж, «13» маусымдағы №30-24 хаттама*

*Директорлар кеңесі
«Jusan Bank» АҚ-пен ерекше қатынастармен
байланысты жеке тұлғалар үшін
2024ж. «20» маусымдағы № 20/06/24-01 хаттама*

*Басқарма бекіткен өзгертулер және толықтырулармен қоса
2024 ж, «10» қазандағы №101-24 хаттама*

*Басқарма бекіткен өзгертулер және толықтырулармен қоса
2024 ж, «17» қазандағы №105-24 хаттама*

*Директорлар кеңесі
«Jusan Bank» АҚ-пен ерекше қатынастармен
байланысты жеке тұлғалар үшін
2024ж. «21» қазандағы № 21/10/24-01 хаттама*

*Басқарма бекіткен өзгертулер және толықтырулармен қоса
2024 ж, «12» желтоқсандағы №124-24 хаттама*

*Директорлар кеңесі
«Jusan Bank» АҚ-пен ерекше қатынастармен
байланысты жеке тұлғалар үшін
2025ж. «17» қаңтардағы № 17/01/25-01 хаттама*

*Басқарма бекітілген өзгертулер және толықтырулармен қоса
2025 ж, «06» ақпандағы №12-25 хаттама*

*Директорлар кеңесі
«Jusan Bank» АҚ-пен ерекше қатынастармен
байланысты жеке тұлғалар үшін
2025ж. «03» наурыздағы № 03/03/25-01 хаттама*

*Басқарма бекіткен өзгертулер және толықтырулармен қоса
2025 ж., «23» қазандағы №103-25 хаттама*

*Директорлар кеңесі
«Alatau City Bank» АҚ-пен ерекше қатынастармен
байланысты жеке тұлғалар үшін
2025ж. «20» қарашадағы № 20/11/25-01 хаттама*

*Басқарма бекіткен өзгертулер және толықтырулармен қоса
2026 ж., «29» қаңтардағы №7-26 хаттама*

*Директорлар кеңесі
«Alatau City Bank» АҚ-пен ерекше қатынастармен
байланысты жеке тұлғалар үшін
2026ж. «02» наурыздағы № 02/03/26-01 хаттама*

*Басқарма бекіткен өзгертулер және толықтырулармен қоса
2026 ж., «19» наурыздағы №21-26 хаттама*

*Директорлар кеңесі
«Alatau City Bank» АҚ-пен ерекше қатынастармен
байланысты жеке тұлғалар үшін
2026ж. «31» наурыздағы № 31/03/26-01 хаттама*

Жеке тұлғаға банктік қызмет көрсетудің КЕШЕНДІ ШАРТЫ

I БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Жеке тұлғаға банктік қызмет көрсетудің кешенді шарты (бұдан әрі – Шарт) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмайтын жеке тұлғалар, сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалар (бұдан әрі – Клиент) үшін «Alatau City Bank» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Банк) қызметтер көрсетуінің стандартты шарттарын айқындайды, Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін, сондай-ақ Банк пен Клиент арасындағы құқықтық қатынастардың өзге де ерекшеліктерін (төменде айқындалғандай) белгілейді.

Осы Шарт Жеке тұлғаның көрсетілген кешенді банктік қызмет көрсету шартының талаптарына сәйкес Клиентке жіберілген хабарламаларда көрсетілген күннен бастап Шарттың «V бөлім. Ағымдағы шотты ашу және қызмет көрсету, кредит картасын беру және қызмет көрсету, кредиттік лимитті белгілеу» және «VIII-бөлім. Қарыз қаражатына арналған ағымдағы шоттарды ашу, жүргізу және жабу» бөлімдерін қоспағанда, Банктің Басқармасы (02.06.2023 жылғы № 61-23 хаттама) бекіткен Family card шеңберінде жеке тұлғаға қызмет көрсету шартын, Банктің Басқармасы (26.02.2020 жылғы № 24-20 хаттама) және Банктің Директорлар Кеңесі (16.03.2020 жылғы № 16/03/20-01 хаттама) бекіткен Жеке тұлғаға банктік қызмет көрсетудің кешенді шартын алмастырады. Бұл ереже Шарт күшіне енгенге дейін кредит ала отырып, өнім алған клиенттерге ғана қолданылады.

Шартта Клиент пен Банк бірлесіп «Тараптар», ал жеке – «Тарап» деп аталады. Банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады, ол 31.03.2023 жылғы №8 хабарламамен расталады. Шотта орналастырылған ақша ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда ғана міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады.

Банктің шоттағы ақша қалдығын қайтару міндеттемелері, Банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда, ҚР заңнамасына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады.

«Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – ҚДКҚ) – депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым. Кепілдікті өтеуді төлеуді ҚДКҚ кепілдік берілген өтемді төлеуді жүзеге асыру үшін агент-банктердің алдын ала тізбесінен таңдалған агент-банктер арқылы жүргізеді. Төлем ұлттық валютадағы жинақ салымдары (депозиттері) бойынша, ұлттық валютадағы өзге де депозиттер бойынша және шетел валютасындағы депозиттер бойынша қалдықтар сомасында ҚР заңнамасында белгіленген мөлшерде және тәртіпте және ҚДКҚ талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. ҚР заңнамасында көзделген кепілдік өтемді төлеу шарттары, мерзімдері мен тәртібі туралы хабарлама Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған.

ҚР заңнамасының өзгеруіне және ҚДКҚ енгізетін өзгерістерге байланысты кепілдік беру шарттары өзгерген жағдайда Банк шартқа кепілдік берудің өзгертілген шарттарын қолданады.

Шарт шеңберінде банктік қызметтердің мынадай түрлері ұсынылады:

- банктік шоттарды ашу, жүргізу және жабу;
- төлем карточкаларын шығару және қызмет көрсету;
- электрондық банктік қызметтер;
- аллокирленбеген металл шотты ашу және ол бойынша қызмет көрсету.

Шарт ҚР Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады, оның талаптары барлық клиенттер үшін бірыңғай және Клиент Шарттың қосымшасына (№ 1 және № 1-1) сәйкес өтінім негізінде немесе Клиент пен Банкпен жасасатын өзге де құжаттар негізінде Шартқа толық қосылу жолымен қабылдауы мүмкін. Бұл ретте Өтінім мен Шарт Клиент берген Өтінімді Банк қабылдаған сәттен бастап бірыңғай құжат болып табылады. Мобильді қосымша/Веб-банкінг арқылы қашықтықтан қызмет көрсету кезінде Клиент тиісті сәйкестендіруден өткеннен кейін және Клиентке Шартта көзделген тәртіппен электрондық банк қызметтеріне қолжетімділік ұсынылғаннан кейін Клиент Шартқа қосылған болып есептеледі.

1. Өтінімге қосылу арқылы Клиент:

1) мыналарды растайды:

a) Клиент Шарттың талаптарын толық көлемде, қандай да бір ескертулер мен қарсылықтарсыз оқып, түсінді және қабылдады, Шарттың талаптарын уақтылы және толық көлемде орындауға міндеттенеді, оларды орындамаудың және/немесе тиісінше орындамаудың ықтимал қолайсыз салдарын түсінеді және қабылдайды;

b) Шартта клиент үшін өзінің нақты түсінікті мүдделерін негізге ала отырып, қабылдамайтын қандай да бір ауыртпалық салатын талаптар жоқ;

c) егер Банкте клиент қол қойған өтінім немесе шартқа қосылу талаптарын қамтитын Клиент Банкпен жасасқан өзге құжат болса, Клиенттің Шартта оның қолының жоқ болуына Шарттың оқылмағандығының/түсінілмегендігінің/қабылданбағандығының дәлелі ретінде сілтеме жасауға құқығы жоқ;

d) Клиент Шарт жасасу және Шартта көрсетілген банк қызметтерін алу үшін қажетті барлық рәсімдерді сақтайды;

e) Шарт жасасу және оның талаптарын орындау, оның ішінде шарт бойынша Банк шотын ашу, төлем карточкасын шығару және қызмет көрсету ҚР Заңнамасының және/немесе Клиентке қолданылатын заңнаманың кез келген нормасын бұзбайды және бұзылуына әсер етпейді;

f) төлем карточкаларын шығару/ бұғаттау/қайта шығару/қызмет көрсету, банктік шоттарды ашу/жүргізу / жабу сәйкестендіру құралдарын қолдана отырып, байланыс арнасы арқылы жүзеге асырылады (оның ішінде клиенттің банк серіктестері арқылы жүгінуі) және клиенттің қолымен расталған жазбаша өтінішке тең болып саналады;

g) Шарт шеңберінде Банк шығарған төлем карточкалары, оларға дербес сәйкестендіру нөмірлері, сондай-ақ шоттардың деректемелері алынды, тексерілді, ескертулер мен толықтырулар жоқ;

h) Төлем карточкасын пайдалану ережелерімен және Тарифтермен танысты, оларды өзгерту тәртібімен және Тарифтердің мөлшерімен келіседі;

i) Клиентке «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» ҚР Заңына сәйкес тыйым салынғаны туралы хабарланды:

- Төлем карточкасына (-ларына) және/немесе шотқа (-тарға) және/немесе кез келген сәйкестендіру/аутентификация құралдарына, оның ішінде мобильді қосымшаға және/немесе Веб-банкінгке және/немесе Идентификаторларға/Аутентификаторларға қолжеткімділікті ұсыну, сондай-ақ оларды алуға алып келген үшінші тұлғаларға беру заңдарда белгіленген жағдайларда жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына, сондай-ақ өзге де адамдарға мұндай қолжетімділікті беруді қоспағанда, үшінші тұлғалардың төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыруға қол жеткізуі;

- жұбайын (зайыбын) және жақын туыстарын, сондай-ақ заңнамада белгіленген жағдайларда өзге де адамдарды қоспағанда, банк шотын, төлем құралын не үшінші тұлғалардың сәйкестендіру құралын пайдалана отырып, төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру;

- материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда үшін үшінші тұлғаның мүддесіне немесе үшінші тұлғаның пайдасына төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру.

Жоғарыда баяндалған нормаларды бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында белгіленген;

2) өзінің сөзсіз келісімін береді:

a) Банктің уәкілетті адамының өз қолымен қойған қолымен тең деп танылатын өтінімдерге, үзінді көшірмелерге, өтініштерге, анықтамаларға, өзге де шарттар мен құжаттарға қол қою/белгі қою кезінде банктің қолды факсимильді көшіру құралдарын пайдалануына, электрондық цифрлық қолтаңбаны, сәйкестендіру тәсілдерін қолдануға;

b) өтінімдерге, үзінді көшірмелерге, түбіртектерге, анықтамаларға және басқа да құжаттарға қол қою/белгі қою кезінде банктің мөрді электрондық нысанда пайдалануына;

c) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес, Шартта көрсетілген мақсаттар үшін клиентті суретке түсіруді/бейнежазба жасауға және Клиенттің бейнежазбасын, суретін (Клиенттің дербес деректерін) әрі қарай пайдалануды жүзеге асыруға;

d) Банктің барлық көздерден Клиент туралы, оның ішінде банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын кез келген ақпаратты, Клиенттің (оның өкілінің) дербес, биометриялық және (немесе) өзге де деректерін өңдеуге, оның ішінде трансшекаралық беруге (бұдан әрі – Ақпаратты кредиттік

бюроларға/бюроларға беру және алу үшін, осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Банкпен шарт және (немесе) өзге де мәмілелер жасасу мақсатында және оларды орындау шеңберінде, оның ішінде клиенттің олар бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындауы үшін, сондай-ақ Банк және (немесе) Клиент және (немесе) үшінші тұлғалар арасында туындайтын жағдайға немесе олардың туындау мүмкіндігіне байланысты, кредиттік бюроға ақпаратты беру және алу үшін, кредиттік бюроға, оның ішінде Клиент және (немесе) Банк мән-жайлармен немесе қатынастармен, мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей: банктік және өзге де қызметтер көрсетумен, оның ішінде оларды көрсету алдында және оларды көрсету процесінде кез келген әрекеттер/мәмілелер (бағалау және (немесе) сақтандыру (егер көзделсе) бойынша және т.б.) жасаумен; хабарламаларды, талаптарды жіберумен, сондай-ақ банктің қызметтері туралы хабарлаумен; Банктің кез келген мәліметтері мен ақпаратын сұраумен және алумен; сондай-ақ ақпаратты жинау, өңдеу, беру және тарату қажеттілігі туындайтын/болатын өзге де жағдайларда;

e) Банктің оның дербес деректері өзгерген жағдайда (тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы және Клиенттің дербес деректеріне жатқзылған өзге де деректер), егер олар уәкілетті органдардың дерекқорына енгізілетін болса, оны түзетуге арналған;

f) уәкілетті органдардың мемлекеттік дерекқорларын (бұдан әрі – МДК) қоса алғанда, Банктің ресми/занды көздерден ақпарат ұсынуына/беруіне және алуына, Банктің кез келген ықтимал, жария көздерден, оның ішінде Салық кодексіне сәйкес салық құпиясын қамтитын ақпарат алуына, сондай-ақ заңмен қорғалатын құпияның өзге де түрлерін тікелей және кредиттік бюролар/үшінші тұлғалар арқылы, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы»¹ АҚ (бұдан әрі – ҰТК), мемлекеттік кіріс органдарының ресми сайттары (Қазақстан Республикасы Электрондық үкіметінің порталы/электрондық лицензиялау және басқа да ресми көздер), Банкқа қпарат ұсыну және алу туралы шарттар жасасқан кредиттік бюролар арқылы берілген басқа да ұйымдар мен тұлғалардың, ҚБЕО базасында сәйкестендіру деректерін өңдеу орталығының (бұдан әрі – СДӨО) және ақпарат алуға/ұсынуға құқығы бар өзге де ұйымдардың/мекемелердің ресми сайттары – биометриялық көрсеткіштерді пайдалана отырып, қашықтан сәйкестендіруді қоса алғанда, Банктің Клиент туралы оны сәйкестендіру үшін қажетті өзекті және дұрыс мәліметтерді алуы мақсатында;

g) заңнама талаптарын орындау және Банктің өнімдері/қызметтері бойынша ұсыныстар дайындау мақсатында банктің барлық заңды көздерден (МДК, Қазақстан Республикасының Электрондық үкімет порталы/электрондық лицензиялау, МДК және басқалар) Клиент туралы құпия ақпаратты пайдалана отырып, алдын ала талдау жүргізуіне;

h) Банкпен ақпарат беру және алу туралы шарт жасасқан кредиттік бюроларға және өзге де ұйымдарға/мекемелерге ақпаратты тікелей немесе болашақта түсетін ақпаратты қоса алғанда, үшінші тұлғалар арқылы ұсынуға/беруге;

i) кредиттік бюроның клиент туралы ақпаратты МДБ-дан, СДӨО-дан, сондай-ақ ресми және заңды көздерден (Қазақстан Республикасы Электрондық үкіметінің порталы/электрондық лицензиялау, уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сайттары және басқа да ресми көздер) МДБ операторларынан/иелерінен, оның ішінде Салық кодексіне сәйкес салықтық құпияны қамтитын мәліметтерді, сондай-ақ заңмен қорғалатын өзге де түрлерді алуына;

j) Банктің жеке зейнетақы шотындағы ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және өзге де зейнетақы қорларынан және/немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ-тан, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардан, оның ішінде кредиттік бюролар арқылы басқа да ақпаратты алуына;

k) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және өзге де зейнетақы қорларының және/немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ-ның, зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері, зейнетақы мен жәрдемақы төлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және өзге де заңды тұлғалардың қолда бар және болашақта тікелей банкке немесе кредиттік бюролар арқылы түсетін ақпаратты, жеке тұлғалардың табыстары туралы ақпаратты жинауға және беруге байланысты қызметті жүзеге асыратын ұйым ұсынатын ақпаратты, оның ішінде банктің кредиттік бюролардан/бюроларға ұсынатын/алатын кірістері, басқа да ақпараты туралы, сондай-ақ кредиттік бюролар және ақпарат алуға/ұсынуға құқығы бар өзге де ұйымдар/мекемелер арқылы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына кірістерден аударылатын міндетті зейнетақы жарналары туралы «Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорация» КЕАҚ;

l) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаға – кредиттік бюроға және Банкке кредиттік бюролар арқылы ол туралы қолда бар және болашақта келіп түсетін ақпаратты беруге;

m) Клиентке банктік және өзге де қызметтерді ұсыну мақсатында, оның ішінде қызметтерді көрсету және кез келген іс-әрекеттерді/мәмілелерді жасау алдында немесе барысында Банктің Клиенттің ұялы телефон нөмірін, атын немесе өзге де деректерін пайдалануына;

¹ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» АҚ (ҰТК) «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкаралық есеп айырысудың қазақстандық орталығы» РМК-ты (ҚБЕАО) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесінің 03.03.2023 жылғы № 17 қаулысына және жалғыз құрылтайшының 19.07.2023 жылғы №1 шешіміне сәйкес оны ҰТК-ға түрлендіру жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылды. ҰТК-тың жалғыз құрылтайшысы және акционері - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

п) Банктің коммуналдық немесе өзге де қызметтерді жеткізушіге және/немесе ол уәкілеттік берген үшінші тұлғаға коммуналдық немесе өзге де қызметтерге ақы төлеу түбіртегінде/шотында Клиент қашықтан қызмет көрсету арналары арқылы көрсеткен мәліметтерді ұсынуына; Клиент коммуналдық немесе өзге де қызметтерді жеткізуші уәкілеттік берген үшінші тұлға және/немесе осындай жеткізушінің өзі коммуналдық немесе өзге де қызметтерді төлеуге арналған түбіртекте/шотта Клиент толтырған мәліметтердің дұрыстығын/дұрыстығын растамаған кезде, Банк операцияны жасауға арналған нұсқауды орындаудан бас тартуға құқылы екендігімен келіседі, бұл ретте Банктің осындай нұсқауларды орындаудан бас тартуына байланысты Клиент шеккен шығындар үшін Банк жауапты болмайды.

2. Шартқа қосылу арқылы Клиент Шарт, Өтініштер, Құжаттар, Банкпен қарым-қатынастағы кез келген мәмілелер шеңберінде Өтінімге қол қою (жасасу) мақсатында (оның ішінде келісім, растау, сауалнамалық деректерді, телефон нөмірін, клиент туралы өзге де мәліметтерді өзгерту және т.б.) осы Шартта көзделген тәртіппен байланыс арналары арқылы сәйкестендіру тәсілін, оның ішінде ЭЦҚ-ны, пайдаланушының бірегей сәйкестендіргіші мен паролін (ДСЖК, QR-код, ДСН-код, USSD/SMS-хабарлама) пайдалануға сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісім береді. Клиент сондай-ақ Өтінімге, өтініштерге, құжаттарға, банкпен қарым-қатынастағы кез келген мәмілелерге (оның ішінде келісімге, растауға, сауалнамалық деректердің, телефон нөмірінің, Клиент туралы өзге де мәліметтердің өзгеруі және т.б.) қол қоюға (ақпаратты енгізуге) арналған терезеден (экраннан) Клиенттің мобильді қосымшадағы келесі терезеге (экранға) көшуі, оның ішінде Клиенттің дербес мобильді қосымшасын (бетті, саусақ ізін және т. б.) сәйкестендірудің кіріктірілген құралдарын пайдалана отырып көшуіне де келісімін береді. Сәйкестендіру тәсілін пайдалана отырып немесе мобильді қосымшаның келесі терезесіне (экранына) өту жолымен Өтінімге, өтініштерге, құжаттарға, Банкпен қарым-қатынаста кез келген мәмілелерге (оның ішінде келісімге, растауға, сауалнамалық деректерді, телефон нөмірін, Клиент туралы өзге де мәліметтерді өзгертуге) қол қоюды (жасасуды) Тараптар жазбаша нысанда жасалған, Тараптар және олардың ерік білдіруінің мазмұнын айқындайтын, өздері қол қойған және сотта дәлелдеме бола алатын қағаз жеткізгіштегі құжаттарға тең мәнді құжат ретінде таниды.

Бұл ретте Клиент осы тармақта көрсетілген тәсілдермен мәмілелер жасасу кезінде клиенттің ЭЦҚ-ты, пайдаланушының бірегей сәйкестендіргішін және паролін (ДСЖК, ДСН-код, USSD/SMS-хабарлама), Мобильді қосымшаға кіру үшін пайдаланылатын ұялы телефонның нөмірін/SIM-картасын, Клиенттің дербес мобильді қосымшасын және/немесе Клиент электрондық банктік қызметтерді алу үшін пайдаланатын басқа да құрылғыларды жоғалтуы, ұрлатып алуы, жария етуі, үшінші тұлғаларға беруі салдарынан Клиентте туындаған залал үшін Банк жауап бермейтінін түсінеді және онымен, Көрсетілген фактілерді болдырмау, ал олар туындаған жағдайда бұл туралы Банкке дереу хабарлауы қажет.

2. Егер қосымшаның, өтініштің, өтінімнің мәтінінде өзгеше ескертілмесе, Шартқа барлық қосымшалар (олар болған кезде), Банк көрсететін қызметтер шеңберінде Клиенттен Банк қабылдаған өтініштер, өтінімдер Шарттың ажырамас бөлігі болып саналады.

II-БӨЛІМ. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

3. Шартта және оған қосымшаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **Авторизация** – Төлем карточкасын пайдалану арқылы төлемді жүзеге асыру үшін Банктің рұқсаты. Авторизацияны алу процедурасы төлем карточкалары жүйесінің қатысушылары арасында жасалған шарттарға сәйкес белгіленеді.

2) **Акциялық бонустар** – төлем көзінен жеке табыс салығын және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде өзге де әлеуметтік төлемдерді ұстай отырып, Банк/серіктес қаражаты есебінен бонустық шотына банк есептейтін шартты бірліктер. Акциялық бонустың құнын банк теңгеге баламада белгілейді.

3) **Аутентификатор** – Клиенттің жеке басын және(немесе) операцияның шынайылығын растауға, яғни аутентификациялауға мүмкіндік беретін құпия мәліметтер, қайталанбайтын заттар, физикалық сипаттамалар немесе олардың комбинациялары.

4) **Аутентификация**, оның ішінде көпфакторлы аутентификация – Клиент ұсынған сәйкестендіргіштің өзіне тиесілігін тексеру, сондай-ақ операцияның түпнұсқалығын және дұрыстығын растау, Клиенттің сәйкестендіргішінің ол ұсынған сәйкестендіргішке сәйкестігін тексеру жолымен қауіпсіздік процедурасының талаптарына сәйкес электрондық құжат жасау.

5) **ТБМ (Тазартылған бағалы металдар)** – Лондон бағалы металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) немесе Лондон платина тобындағы металдар қауымдастығы (London Platinum and Palladium Market) қабылдаған халықаралық сапа стандарттарына және/немесе Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде белгіленген сапа стандарттары мен талаптарына және/немесе сапа стандарттары мен шығарылған елінің техникалық шарттарына сәйкес келетін сапаға дейін жеткізілген, қоспалардан және ілеспе компоненттерден өңдеуден және тазартудан өткен бағалы металдар (алтын), сондай-ақ алтын үшін кемінде 99,99 пайыз бағалы металдың массалық үлесі бар бағалы металдардан жасалған монеталар.

6) **Банкомат** – Клиентке қолма-қол ақша алуға, шотты толықтыруға және Банктің басқа да қызметтерін пайдалануға мүмкіндік беретін электронды-механикалық құрылғы.

7) **Биометрия** – адамдарды бір немесе одан да көп физикалық немесе мінез-құлық белгілері бойынша тану жүйесі.

8) **Биометриялық аутентификация** – аутентификатор ретінде Клиенттің биометриялық параметрлері пайдаланылатын аутентификация рәсімі.

9) **Биометриялық деректер** - дербес деректер субъектісінің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын, соның негізінде оның жеке басын анықтауға болатын дербес деректер.

10) **Төлем карточкасын бұғаттау** – Төлем карточкасын пайдалана отырып төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға, оның ішінде ҚАБП/Банкоматтардан қолма-қол ақша алуға толық немесе ішінара тыйым салу.

11) **Бонустар** – Интернет-ресурста орналастырылған < Бонустарды беру шарттарымен көзделген тәртіпте төлем карточкасы/QR тіркелген Төлем карточкасын/Шотты пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асырғаны үшін Бонустық шотқа Банк қаражаты есебінен Банк есептейтін шартты бірлік. Бонустың құнын Банк теңгеге баламада белгілейді.

12) **Веб-банкинг** - бұл ақпараттық-банктік қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ететін бағдарламалық жасақтама;

12-1) **Верификация** – Клиенттің Шарт бойынша құқықтарын іске асыру және міндеттемелерін орындау мақсатында оның өкілеттіктерін растау (қол жеткізу құқықтарын беру) рәсімі.

Токен көмегімен операция жасаған кезде Клиентті верификациялау Клиенттің мобильді құрылғыда парольді енгізуі арқылы және қажет жағдайда, ДСН-ді (POS-терминал арқылы төлеген кезде) қосымша түрде енгізумен жүзеге асырылады;

13) **Банктің ішкі құжаттары** - бұл Банктің уәкілетті органдары / тұлғалары мақұлдаған, өздерінің функцияларын / міндеттерін орындау кезінде банк ішіндегі қарым-қатынас қатысушыларына сәйкестігі / пайдалану үшін міндетті түрде қайталанатын қолданысқа арналған ережелерді (ережелерді) белгілейтін, өзгертетін немесе тоқтататын құжаттар.

14) **Сыйақы** – қарызды пайдаланғаны үшін, сондай-ақ Клиенттердің жинақ және ағымдағы шоттарында орналастырылған ақшаны пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шартта және Тарифтерде көзделген мөлшерлемелер бойынша және тәртіпте Банк есептейтін пайыздар.

15) **Төлем карточкасын шығару** - Банкпен Клиентке Төлем карточкасын және оның жеке сәйкестендіру нөмірін тапсыру үрдісі және (немесе) Банктің Клиентке оның деректемелері туралы ақпарат беруі.

16) **Үзінді көшірме** - осы Шартқа сәйкес Төлем карточкасын пайдалана отырып жасалған төлемдер және (немесе) аударымдар және басқа операциялар туралы ақпаратты қамтитын құжат.

17) **Төлем карточкаларын шығару** - Клиентке Төлем карточкасын шығаруды қарастыратын төлем қызметі.

18) **Іскерлік қатынастар** - Банк қызметін жүзеге асыру барысында туындайтын Клиенттермен қарым-қатынастар.

19) **Қосымша карточка** – Клиентке немесе үшінші тұлғаға Шотқа қолжеткізу құралы ретінде Негізге карточкаға қосымша шығарылған Төлем карточкасы.

20) **Қосымша орынжай** – Банктің филиалының мекенжайынан өзгеше мекенжай бойынша (республикалық маңызы бар қала, астана) орналасқан, Клиенттерге қызмет көрсету үшін банк операцияларының белгілі бір түрін жүзеге асыратын, Банк филиалының құрылымдық бөлімшесі.

21) **Қолжетімді қаражат** – Шоттағы қолданылмаған Кредиттік лимит және Клиенттің меншікті қаражатының сомасы.

22) **Мультивалюталық карточка бойынша қолжетімді қаражат** – төлем құжатына сұрау салу/өңдеу сәтінде Банк белгілеген валютаны қолма-қол ақшасыз сатып алу/сату бағамдары бойынша авторизация жүргізу сәтінде есептелетін мультивалюталық карточка шоттары бойынша қалдық сомасы.

23) **Бонустық шот (БШ)** – Банктік шот емес шот, Банк төлем карточкасының эмиссиясы кезінде әрбір Клиентке ашады және онда Банк бонустар және /немесе акциялық бонустар бойынша операциялардың: есептеу, тарату, қалпына келтіру, есептен шығару есебін және баланстың белсенді қалдығын жүргізеді;

23-1) Қосымша бонустық шот (ҚБШ) – Банк Клиентке Family Card эмиссиясы кезінде ашатын және Банк бонустар және /немесе науқандық бонустар бойынша есептеу, жұмсау, қалпына келтіру, есептен шығару және баланстың белсенді қалдығы сияқты операциялар есебін жүргізетін банктік емес шот;

24) **Е-ДСН** - қашықтан қызмет көрсету арналары (банкомат, веб-банкинг мобильді қосымшасы) арқылы ДСН-ді дербес орнатудан тұратын ДСН орнату технологиясы.

25) **Жалақы жобасы** – Банкпен Жалақы аудару туралы шартты жасасқан ұйымның қызметкерлерінің пайдасына ағымдағы шоттарды ашу, төлем карточкаларын шығару, қызметкерлерге жалақы төлеу және басқа да осындай төлемдерді аудару бойынша Банктің қызметі.

27) **Өтінім** – № 1 қосымшаға/ № 1-2 қосымшаға (Клиент шотты өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру мақсатында ашқан жағдайларда), Банк талаптарына сәйкес Клиент ұсынған, қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық түрде қалыптастырылатын, оның негізінде Клиентке Шартта көзделген банктік қызметтер көрсетілетін Шартқа қосылу туралы құжат;

28) **Сәйкестендіргіш** – оны басқа Клиенттерден ажыратуға, яғни сәйкестендіруге мүмкіндік беретін Клиенттің бірегей белгісі.

29) **Сәйкестендіру** – Клиенттің ұсынылған идентификаторын тіркелген идентификаторлар тізімімен салыстыру.

30) **Төлем карточкасын қайтарып алу** – Төлем карточкасын жарамсыз деп тану, оны айналымнан шығару және жою.

31) **Интернет-ресурс** – Банктің ресми интернет-ресурсы(сайты) немесе www.alataucitybank.kz сайтында ресми интернет ресурс ретінде сілтеме берілген өзге мекенжай бойынша Банктің интернет-ресурсы;

32) **Байланыс арнасы** – Клиент пен Банк арасындағы ақпарат беру құралдарының бірі: электрондық пошта (email), SMS-хабарламалар, телефон байланысы, мобильді қосымша, Push-хабарламалар, телебанкинг, телефон, Банкомат, POS-терминал, терминал, Банк бөлімшесі, Интернет-ресурс, Жеке кабинет, интернет-бөлімше және басқа да ресурстар, Клиент туралы мәліметтер негізінде сәйкестендірумен;

33) **Карточкалық операция** – Төлем карточкасын шығаруды қоса алғанда, Төлем карточкасымен операция:

Төлем карточкасын немесе оның деректемелерін пайдалана отырып жүргізілетін төлемдер және (немесе) ақша аударымдары, оның ішінде қолма-қол ақша алуға, валюта айырбастауға және Банк (Төлем карточкасының эмитенті ретінде) Шартта және/немесе Тарифтерде айқындаған басқа да операцияларға байланысты операциялар;

Шоттың деректемелерін пайдалана отырып, оған қол жеткізу Төлем карточкасы арқылы, оның ішінде баламалы сәйкестендіргішті² қолдана отырып қамтамасыз етілетін төлемдер және (немесе) ақша аударымдары;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем карточкаларымен операцияларға жатқызылған өзге де операциялар;

35) **Клиент** – жеке тұлға, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыратын (жеке кәсіпкер емес) Шартқа қосылған тұлға;

36) **Қолжетімділік коды (код)** – Мобильді қосымшаға кіруге, сондай-ақ Клиенттің Клиентке ұсынылатын/Клиент жүзеге асыратын қызметін/операцияның түрі мен параметрлерін растауға арналған цифрлық код;

37) **Код сөзі** – Клиент Банктің өнімдері бойынша белгілі бір операцияларды жасауға сұрау салумен хабарласқан кезде Клиентті телефон және басқа байланыс арналары арқылы анықтау үшін Тараптар пайдаланатын, Клиент таңдаған және Банкке ұсынылған сандық, алфавиттік немесе әріптік-цифрлық тіркесім.

38) **Айырбастау** – шетел валютасын сатып алу / сату.

39) **Дербес деректердің құпиялығы** – Банк үшін міндетті, дербес деректер субъектісінің келісімінсіз немесе басқа заңды негіздеменің болуынсыз оларды таратуға жол бермеу талабы.

40) **Құпия ақпарат** – арнайы қорғау режимі бар адамдар, заттар, фактілер, оқиғалар, құбылыстар және процестер туралы мәліметтер.

41) **ДСЖК** – қызметтерді пайдалану кезінде клиенттің сұрау салуы бойынша бағдарламалық-техникалық құралдармен қалыптастырылатын электронды цифрлық таңбалардың бірегей кезектілігі болып табылатын Банкті динамикалық сәйкестендіру жүйесінің біржолғы коды.

41-1) **Халықаралық ақша аударымдары** – Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында белгіленген ең жоғары сома шеңберінде шоттан ХТЖ сервистері арқылы шет елдерде ашылған жеке және/немесе заңды тұлғалардың банктік шоттарына трансшекаралық ақша аударымдары. Халықаралық ХТЖ аударымдары жүзеге асырылуы мүмкін шет елдердің тізімі дербес белгіленеді;

42) **Мобильді қосымша** - Клиенттің Электронды банктік қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ететін мобильді құрылғыда (смартфон, планшет және т.б.) орнатылған бағдарламалық жасақтама;

42-1) **Мобильді құрылғы** – Клиенттің мобильді құрылғысы: Төлем мобильді сервисі орнатылған, NFC технологиясын қолдайтын смарт-сағат, смартфон, планшет және т.б.;

43) **ХТЖ (Халықаралық төлем жүйесі)** – Төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді және (немесе) ақшаны аударуды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық, құжаттамалық және ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар жиынтығы.

44) **Мультивалюталық карточка** – әртүрлі валютада ашылған Шоттарға орналастырылған ақшаға қолжеткізуді қамтамасыз ететін Төлем карточкасы.

45) **Аллокирленбеген металл шоты**– тазартылған қымбат металдарды олардың жеке белгілерін (атауы, сынама, өндірушісі, сериялық нөмірі және құймалардағы өзге де белгілері) көрсетпей есепке алу, сондай-ақ тазартылған қымбат металдарды иесіздендірілген (физикалық емес) нысанда қабылдау, орналастыру және сатып алу-сату жөніндегі операцияларды жүзеге асыру үшін банк ашатын және қымбат металдарды іс жүзінде өткізуді көздемейтін металл шот.

46) **Рұқсат етілмеген операция** – бұл операцияны жүзеге асыруға құқығы жоқ адамның ҚР заңнамасына қайшы келетін операциясы, соның ішінде Төлем карточкасын пайдаланумен жүргізілетін операция. Жалған төлем құралы арқылы жасалатын операциялар сондай-ақ рұқсат етілмеген операциялар болып табылады.

47) **Төлем карточкасының нөмірі** - Төлем карточкасының бетінде көрсетілген 16 таңбалы нөмір, бұл Төлем карточкасының деректемелерінің бірі.

² Баламалы сәйкестендіргіш деп Клиентті сәйкестендіруге және Қашықтан қызмет көрсету арнасы арқылы төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жекелеген деректемелер, оның ішінде әріптік-цифрлық символдар (ДСЖК, QR-кодты, ЭЦҚ және басқаларды қоса алғанда) түріндегі деректемелер түсініледі

48) **Дербес деректерді өңдеу** – дербес деректерді жинауды, жазуды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, өзгертуді, толықтыруды, пайдалануды, таратуды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), алуды, иесіздендіруді, бұғаттауды және жоюды қоса алғанда, автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе осындай құралдарды пайдаланбай жасалатын кез келген әрекеттер (операциялар) немесе әрекеттер (операциялар) жиынтығы.

48-1) **Ортақ бюджет** – Клиентке төлем карточкасын және Клиент көрсеткен, Қосымша карточканы шығару күнінде Банктің клиенті болып табылатын үшінші тұлғаларға Қосымша карточка(-лар) шығару мүмкіндігімен, Шоттар ашуды көздейтін Банк өнімі (жинақ ақша шотын, өнім шеңберінде Төлем карточкасын пайдаланумен ағымдағы шот ашу);

49) **Овердрафт (техникалық овердрафт)** – Шот бойынша Клиенттің өз ақшасының қалдығынан асырып, сондай-ақ Кредит лимитінен артық жұмсалған ақша сомасы. Овердрафт, айырбастау операциялары бойынша айырбастау бағамдарының айырмашылығы кезінде, Карточкалық операция бойынша авторизация сомасы мен қаржылық растау сомасы арасындағы айырмашылық кезінде, Банк жүйесіндегі алдын-ала онлайн-авторизациясыз операциялар кезінде, эквайерлермен, ХТЖ ережелерімен орнатылған, ұсынылу мерзімдері бойынша кешіктірілумен ұсынылған операциялар кезінде, есепшот сомасынан қате / қосарланған есептен шығару және т.б. кезінде қалыптасуы мүмкін.

50) **Операциялық күн** – кезеңінде Банк ақша аударымы туралы нұсқаулардың және тоқтата тұру туралы өкімдердің қабылдануын немесе Клиенттерден бұндай нұсқауларды қайтарып алуды және олардың пайдасына немесе үшінші тұлғалардың пайдасына ақша аударымдарын жүзеге асырумен байланысты хабарламалардың Клиенттерге жіберілуін жүзеге асыратын, Банктің клиенттеріне Операциялық қызмет көрсету кестесіне сәйкес уақыт кезеңі. Операциялық күннің ұзақтығын Банк дербес айқындайды. Банк операциялық күннің ұзақтығын өзгертуге құқылы. Тиісті өзгертулер туралы ақпарат Клиенттің назарына осындай өзгертулер қолданысқа енгізілгенге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей Интернет-ресурста ақпаратты орналастыру жолымен, сондай-ақ ақпаратты Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың қосымша орынжайларында көрінетін жерге орналастыру жолымен жеткізіледі.

51) **Қате есептелген ақша** – қате нұсқауды орындау нәтижесінде шотқа есептелген ақша. Егер: 1) алдыңғы жөнелтушіден алынған нұсқаудың деректемелеріне сәйкес келмейтін деректемелерді қамтыса; 2) қайтадан берілсе, бастамашы жіберген нұсқау қате болып табылады.

52) **Серіктес** – Банкпен Серіктестік бағдарлама жасасқан компания және/немесе қызмет көрсетуге келісім/шарт жасалған заңды тұлға;

53) **Дербес деректер** – белгілі бір немесе айқындалатын жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) тікелей немесе жанама қатысты кез келген ақпарат;

54) **Дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН)** – төлем карточкасына берілетін және Клиентті сәйкестендіруге арналған құпия цифрлық код (электрондық түрде шығарылған төлем карточкаларын қоспағанда);

55) **Серіктестің жеткізушісі** – тасымалдау бойынша қызметтерді және қонақ үй қызметтерін тікелей көрсететін ұйым, аталған ұйымдардың агенттері, сондай-ақ серіктестің веб-жүйесінің интерфейсі арқылы көрсетілген қызметтерді броньдау және оларға ақы төлеу мүмкіндігін беретін ұйымдар;

56) **ҚАБП (қолма – қол ақша беру пункті)** – төлем карточкасын пайдалана отырып, қолма-қол ақшаны қабылдау және/немесе беру жөніндегі операцияларды жасау үшін арнайы жабдықталған касса;

57) **Төлем карточкасы** – клиентке электрондық терминалдар немесе басқа байланыс арналары арқылы ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын жүзеге асыруға не қолма-қол ақша алуға не валюта айырбастауды және төлем карточкасының эмитенті айқындаған және оның талаптарында басқа да операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын электрондық төлем құралы. Төлем карточкасы дебеттік және несиелік, негізгі және қосымша болып бөлінеді, электрондық түрде шығарылған немесе карточканың ұялы құрылғыда сақталған және NFC (Near Field Communication – әрекет ету радиусы шағын деректерді сымсыз беру технологиясы) технологиясын пайдалана отырып, жанасусыз төлем операцияларын орындауға мүмкіндік беретін токенизацияланған нұсқасы болып бөлінеді;

58) **Төлем құжаты** – қағаз жеткізгіште жасалған не электрондық нысанда қалыптастырылған, соның негізінде немесе көмегімен төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын құжат;

58-1) **Төлемдік мобильді сервис** – Провайдер мен Клиент арасында жасалған жеке келісім (шарт) негізінде Клиентке берілетін, төлем карточкасын Токенизациялауға, Токен жоюға, операцияларды жүзеге асыру үшін Токен пайдалануға мүмкіндік беретін, мобильді құрылғыда орнатылған қосымша болып табылатын провайдердің бағдарламалық жасақтамасы. Төлемдік мобильді сервиснің функционалдығын, оны пайдалану шарттарын және Клиентке оны пайдалану құқығын беру тәртібін провайдер анықтайды. Егер Банк Провайдер ретінде әрекет етсе, Мобильді қосымша Төлемдік мобильді сервис болып табылады;

59) **Төлем терминалы-төлемдер мен аударымдарды қабылдауды, өзге де банк операцияларын, оның ішінде өзіне-өзі қызмет көрсету режимінде қарыз жеке тұлғалардың да жүргізуін, сондай-ақ тиісті растайтын құжаттарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін электрондық, электрондық-механикалық құрылғы;**

59-1) **ТҚҮТС** – Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен ұсталатын табыс салығы;

60) **Қолдан жасалған төлем карточкасы** - заңсыз жолмен дайындалған, рұқсат етілмеген рұқсат етілмеген карточкалық операцияларды жүзеге асыру мақсатында қолдан жасалған төлем карточкасы;

61) **Ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен күдікті операция (күдікті операция)** – клиенттің операциясы (осындай операцияны жасауға әрекеттенуді, жасау процесіндегі операцияны немесе жасалған операцияны қоса алғанда), оған қатысты оны жасау үшін пайдаланылатын ақша және (немесе) өзге мүлік қылмыстық әрекеттен түсетін табыс болып табылады не операцияның өзі Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) немесе терроризмді не өзге де қылмыстық әрекетті қаржыландыруға бағытталған;

62) **Пайдаланушы** - кешенді шартқа қосылған, мобильді қосымшаны, Веб-банкингті пайдаланатын Банктің клиенті;

62-1) **Провайдер** – Төлемдік мобильді сервисті өндірушісі (әзірлеушісі) болып табылатын заңды тұлға, ол ХТЖ қағидалары негізінде және/немесе ХТЖ-бен жеке келісім негізінде операцияларды жүргізу мақсатында Токенді қалыптастыру, қызмет көрсету және пайдалану кезінде ақпараттық және технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Клиент Банктің бағдарламалық жасақтамасын пайдаланған кезде Банк Провайдер бола алады;

63) **Бейілділік бағдарламасы** – Клиенттерді Банктің өнімдері мен қызметтерін пайдалануға ынталандыру мақсатында әзірленген маркетингтік іс-шаралар кешені;

64) **POS-терминал** – электрондық, электрондық-механикалық құрылғы, ол арқылы төлем карточкасын және банктің ақпараттық жүйесімен қосуды пайдалана отырып, КҚК-та тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеу, сондай-ақ қолма-қол ақшаны қолма-қол ақша беру жүзеге асырылады;

65) **Төлем карточкасын пайдалану қағидалары** – карточка ұстаушылар үшін Банк белгілеген және шарт жасасу кезінде карточка ұстаушыға ұсынылатын карточканы пайдалану қағидалары. Төлем карточкасын пайдалану қағидалары банк филиалдарында және Интернет-ресурста танысуға қолжетімді;

66) **ЭУТШ («электронды үкіметтің» төлем шлюзі)** - электрондық нысанда көрсетілетін ақылы қызметтер шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процесстерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе. Екінші деңгейдегі банктер қызметтер көрсету шеңберінде төлемдерді қабылдау және жүргізу процесстеріне қатыса отырып, осы процесстерге тартылған өздерінің ақпараттық жүйелерінің «электронды үкіметтің» төлем шлюзімен тікелей не банкаралық ақша аударымдары жүйесі операторының ақпараттық жүйесі арқылы интеграциялануын қамтамасыз етеді.

67) **ССК (Сауда және сервис кәсіпорны)** – олар ұсынатын тауарлар және/немесе қызметтерді төлеу бойынша ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру үшін Төлем карточкаларын қабылдайтын жеке кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар. ССК төлем үшін қабылданған Төлем карточкалары түрлеріне, жүргізілген операциялар сомасына және Клиентті анықтау тәртібіне шектеулер қоюы мүмкін. Банк, ССК енгізген, Клиенттің сәйкестендірудің осындай шектеулеріне немесе тәртібіне жауапты емес және Клиенттің шағымдарын қабылдамайды.

68) **Тіркеу** – Клиенттің сәйкестендіру әдісі арқылы қашықтағы қызмет көрсету арнасына қол жеткізуге бағытталған әрекеттері;

69) **Тіркеу куәлігі** - электрондық цифрлық қолтаңбаның Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңында белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін куәландырушы орталық беретін қағаз жеткізгіштегі құжат немесе электрондық құжат;

70) **Төлем карточкасының деректемелері** – төлем карточкасының ұстаушысына және/немесе эмитентіне және төлем карточкалары жүйесіне тиесілігін анықтауға мүмкіндік беретін төлем карточкасының нөмірін, қолданылу мерзімін, төлем карточкалары жүйесінің атауын қамтитын төлем карточкасында қамтылған және/немесе Банктің ақпараттық жүйесінде сақталатын ақпарат;

70-1) **Санкциялық режимдер** – қандай да бір халықаралық ұйым, шет мемлекеттің үкіметі немесе шет мемлекеттің уәкілетті мемлекеттік органы енгізген және сауда, қаржы, банк операцияларын (төлемдерді және/немесе аударымдарды қоса алғанда) және өзге де операцияларды/мәмілелерді, оның ішінде нақты жеке және/немесе заңды тұлғалардың, мемлекеттердің/аумақтардың және/немесе оларға қатысты санкциялар белгіленген резиденттерінің қатысуымен операциялар/мәмілелерді жүзеге асыруға (бұдан әрі – бірлескен операциялар/мәмілелер) толық тыйым салуды қарастыратын мәжбүрлі шаралар/шектеулер/тыйымдар. Санкциялық режимдердің қолданылуы Клиентке, оның операцияларына/мәмілелеріне, Операцияға қатысушыларға, Клиентпен байланысты тұлғаға, тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге, шығармашылық интеллектуалдық қызметтің объективті нәтижелеріне, оның ішінде қоса алғанда. бірақ онымен шектелмей, технологияларға, бағдарламалық қамтамасыз етуге, жабдыққа, сондай-ақ өзге де мүлікке қолданылуы мүмкін және Клиенттің, Операцияға қатысушылардың, клиентпен байланысты тұлғаның тіркелу және (немесе) тіркелу елімен, бенефициарлық меншік иелерімен және (немесе) Операцияға қатысушылардың бақылаушы тұлғаларымен және (немесе) операцияны/мәмілені жүргізу мемлекетімен/аумағымен, сондай-ақ операцияны/мәмілені жүзеге асыру кезінде қолданылатын және қолданыстағы өзге де ықтимал шектеулермен және/немесе тыйымдармен байланысты болуы мүмкін;

70-2) **Санкциялық тізімдер** – өздеріне қатысты Санкциялық режимдер енгізілген жеке және заңды тұлғаларды, ұйымдарды, мемлекеттерді/аумақтарды қоса алғанда, субъектілердің тізбесі;

70-3) **Клиентпен байланысты тұлға** – Клиентпен байланысты, оның ішінде бенефициарлық меншік иесі/уәкілетті өкіл/ акционер/ қатысушы/ құрылтайшы/ лауазымды тұлға/ өзге де уәкілетті тұлғалар/

бақылаушы тұлғалар, бас, еншілес және қауымдастырылған ұйым, сондай-ақ Клиентпен байланысты, оның ішінде шарттық қатынастар негізінде байланысты өзге де тұлға;

70-4) **Ақша аударымдары сервисі** — ХТЖ ұсынған сервисінің көмегімен деректемелер ретінде Клиенттің/бенефициардың ұялы телефон нөмірін пайдалана отырып ақша аударымдарын жіберу/алу мақсатында ұялы телефон нөмірін төлем карточкасына байланыстыру;

71) **Банк жүйесі** – банктік қарыз операцияларын, шот және/немесе төлем карточкасы бойынша операцияларды есепке алу жүргізілетін автоматтандырылған банк жүйесі;

72) **Арнайы банктік шот** – мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді есепке жатқызуға арналған және кәсіпкерге толмаған және еңбекке қабілетсіз кәсіпкерге толған балаларды күтіп-бағуға алименттерді есепке алуға арналған ағымдағы шот;

73) **Сәйкестендіру әдісі** – электрондық цифрлық қолтаңба, динамикалық сәйкестендіру, биометриялық сәйкестендіру немесе бірегей пайдаланушы идентификаторы (ДСЖК, QR коды, PIN, USSD / SMS хабарламалары, кіру коды, код сөзі) қол жеткізу және қашықтағы қызмет көрсету арналарын пайдалануыбарысында Клиентті сәйкестендіруге арналған және Клиент операциялар жасау үшін пайдаланатын, Банктің ішкі құжаттарында көзделген тәртіптегі Клиенттің ерік білдіруінің өзге де растамасы. Клиентті Сәйкестендіру тәсілін пайдалану Клиенттің электрондық хабарламаны, электрондық құжатты, оның ішінде қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы жасалатын электрондық түрдегі шартты жасау және/немесе танысу және/немесе оған қол қою фактісін куәландырады; Мәміле жасау кезінде сәйкестендіру тәсілін пайдалануды Тараптар жазбаша нысанда жасалған, тараптарды және олардың ерік білдіруінің мазмұнын айқындайтын мәміле ретінде таниды. Банк сәйкестендірудің жоғарыда көрсетілген әдістерінің қайсысы осы немесе өзге жағдайда пайдаланылатынын дербес айқындайды;

74) **Стоп-парақ** – пайдалануға тыйым салынған және қызмет көрсетуге ұсынылған кезде алып қоюға жататын төлем карточкалары нөмірлерінің тізімі. ХТЖ Стоп-парағын эмитенттердің онлайн (электрондық режимде) немесе жазбаша өтініштері негізінде қалыптастырады;

75) **Шот** – банктік шот, оның ішінде төлем карточкасын пайдалана отырып жасалған шот, сондай-ақ банк клиентке шарт негізінде ашатын шот.

76) **ЖТС** – сәйкестендіргіш ретінде ақша алушының телефон нөмірін және Ресей Федерациясы Банкінің атауын пайдалана отырып, ЖТС қатысушыларының клиенттері арасында аударымдар жасауға мүмкіндік беретін Ресей Банкінің төлем жүйесінің жылдам төлемдер сервисі.

77) **Мезеттік төлемдер жүйесі (МТЖ)** – электрондық төлемдер жедел режимде МТЖ қатысушылары клиенттерінің оңайлатылған немесе толық сәйкестендіргіштері бойынша жүзеге асырылатын БЭТЖ кіші жүйесі;

78) **Бұқаралық электронды төлемдер жүйесі (БЭТЖ)** – Клиенттің банктік шотынан кепілдендірілген шұғыл төлемдер жүргізуге арналған Қазақстан Республикасының төлем жүйесі;

79) **Тарифтер** – банк көрсететін, олар жасалған күні қолданыста болған, Интернет-ресурста орналастырылған қызметтер үшін тарифтер мен комиссиялар;

79-1) **Токен** – төлем карточкасын Токенизациялау фактісі бойынша қалыптасатын және ХТЖ қорғалған бұлтты қоймасында шифрланған түрде сақталатын, сондай-ақ Мобильді құрылғының жадында сақталатын төлем карточкасының цифрлық ұсынылуы;

80) **Токенизация** – Токенді пайдалана отырып операциялар жасау үшін пайдаланылған, Төлем карточкасын бір мәнді айқындауға мүмкіндік беретін Төлем карточкасы мен Токен деректемелерінің байланысын жасау процесі. Токенді пайдалана отырып жасалған операциялар Клиенттің Төлем карточкасын пайдалана отырып жасаған операцияларына тең;

81) **Қашықтан қызмет көрсету арнасы** – Клиенттерге қызмет көрсету жүзеге асырылатын банктік қызметтерге қашықтан қол жеткізу арнасы (телефон, интернет, Банкомат, төлем терминалы, мобильді қосымша, Веб-банкинг, SMS-хабарлама);

82) **Куәландырушы орталық** – электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің анықтығын растайтын, Клиентке электрондық құжаттарға ЭЦҚ арқылы қол қоюға мүмкіндік беретін, ҚР заңнамасына сәйкес Уәкілетті ұйым;

83) **Төлем жүйесінің талаптары** – төлемдерге қатысушы банк үшін қолданылатын және Банк пен ХТЖ-ның өзара іс-қимылының шарттары мен тәртібін реттейтін ХТЖ талаптары. ХТЖ шарттары құпия ақпарат болып табылады және жариялауға жатпайды;

83-1) **Операция қатысушысы** – бенефициар, бенефициар банкі, делдал банк, корреспондент банк, көрсетілген тұлғаларды бақылауды жүзеге асыратын өзге тұлға, жүк алушы, жүк жөнелтуші, операцияға өзге де қатысушы, оның ішінде шарттық қатынастар негізінде қатысушы;

84) **ЖТС қатысушысы** – бір мезгілде Ресей Банкінің төлем жүйесіне тікелей қатысушы және «Мир» төлем жүйесіне қатысушы болып табылатын Ресей Федерациясының кредиттік ұйымы;

85) **Филиал** – заңды тұлға емес, Банк орналасқан жерден тыс орналасқан, Банк атынан банк қызметін жүзеге асыратын және өзіне банк берген өкілеттіктер шегінде әрекет ететін Банктің дербес құрылымдық бөлімшесі;

86) **Электрондық банктік көрсетілетін қызметтер** – клиенттің өз банктік шотына, төлем, қарыз,

посткредиттік көрсетілетін қызметтерді және ақпараттық банктік көрсетілетін қызметтерді алу үшін қашықтан қол жеткізу жүйелері арқылы қарыз және посткредиттік операцияларға қол жеткізуіне байланысты көрсетілетін қызметтер;

87) **Эквайер** – карточкалық операцияны жүзеге асыру кезінде ККҚ-пен шарттың талаптарына және/немесе ККҚ-та жасалған төлем құжатының талаптарына сәйкес ККҚ-тың пайдасына түскен ақшаны қабылдауға және/немесе ККҚ-пен шартта көзделген өзге де әрекеттерді орындауға тиіс банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым. Сондай-ақ, осы Банктің клиенттері болып табылмайтын қолма-қол ақша беруді және/немесе Төлем карточкаларын ұстаушыларға төлем карточкасын пайдалана отырып төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру жөніндегі өзге де қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын банк эквайер болып табылады;

88) **Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ)** – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын, банк берген электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

89) **Электрондық төлем қызметтері** – банк шотын пайдалана отырып, ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын, шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге және ақпараттық банк қызметтеріне жатпайтын банк операцияларының өзге де түрлерін жүзеге асыруға байланысты электрондық банк қызметтері;

90) **Эмитент** - төлем карточкаларын шығаруды жүзеге асыратын банк;

91) **LoungeKey** – бүкіл әлем бойынша әуежайлардың бизнес-залдарына/лаунж залдарына кіру бағдарламасы. Банк карточкаларын ұстаушыларға тарифтерге сәйкес карточкаларды шығару және қызмет көрсету шарттарына байланысты ұсынылады. Карточка ұстаушының бизнес-залға/лаунж залға әрбір келгені үшін қызметтің құны LoungeKey бағдарламасының тарифтеріне сәйкес клиенттің төлем карточкасының шотынан ұсталады. LoungeKey бағдарламасына енгізілген бизнес-залдардың/лаунж залдардың атауы, сондай-ақ тарифтер туралы ақпарат сайтта <http://www.loungekey.com/alataucitybank> орналастырылған;

92) **QR-код** – Клиентті сәйкестендіруге, тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы деректерді, төлем карточкасы тіркелген Шоттың деректемелерін, сондай-ақ Банк қабылдайтын көзбен шолып машинамен оқылатын штрих кодтарды пайдалана отырып жүзеге асырылатын операцияларды жүргізуге нұсқау беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін банк қызметтеріне қол жеткізуді, операциялар жасауды, электрондық ақпараттық және транзакциялық банк қызметтерін көрсетуді қамтамасыз ету технологиясы.

93) **Family Card** – Клиент көрсеткен үшінші тұлғаларға Мобильді қосымшаға қол жеткізуді ұсына отырып, Қосымша карточка (- лар) шығаруды және Шот (- тар) ашуды көздейтін Банктің отбасылық өнімі.

III БӨЛІМ. БАНКТІК АҒЫМДАҒЫ ЖӘНЕ ЖИНАҚ ШОТТАРЫНДАҒЫ АҚША ҚАЛДЫҚТАРЫН ҚАЙТАРУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕМЕЛЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ

5. Алынып тасталды.
6. Алынып тасталды.
7. Алынып тасталды.
8. Алынып тасталды.

IV БӨЛІМ. ТӨЛЕМ КАРТОЧКАЛАРЫН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

1. Төлем карточкасын шығару және қызмет көрсету бөлігінде клиентке банктік қызмет көрсету

9. Шарттың және Клиенттен алынған өтінімнің негізінде Банк Клиентке мынадай қызметтерді көрсетеді (бұдан әрі Шарттың IV бөлімінде – «Қызметтер»):

1) Шартта көзделген талаптар мен тәртіп бойынша Клиентке Шот/Арнайы банктік шот ашады ;

2) Төлем карточкасын шығарады, оған қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ Шартта көзделген талаптармен шотқа қызмет көрсетеді, ал Клиент төлем карточкасын Шартқа, төлем карточкасын пайдалану қағидаларына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес пайдаланады, шот бойынша берешекті уақтылы өтейді, сондай-ақ тарифтерге сәйкес банк қызметтеріне ақы төлейді.

10. Клиент Шарттың талаптарымен, операцияларды жүргізуге шектеулермен/лимиттермен, интернет-ресурста орналастырылған Банк деректемелерімен танысты.

2. Шот ашу және төлем карточкасын шығару

11. Клиенттің төлем карточкасын шығаруы және пайдалануы Қазақстан Республикасының заңнамасына, интернет-ресурста орналастырылған төлем карточкасын пайдалану қағидаларына және осы Шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Шарттың осы бөлімінде реттелмеген талаптар Шарттың басқа бөлімдерімен реттеледі.

12. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен шот ашу туралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс органдарын хабардар етеді.

13. Клиентке ДСН-конверті бар төлем карточкасын беру Клиент Банкке тиісті өтінімді және өзге құжаттарды ұсынған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде жүзеге асырылады. Төлем карточкасы Банктің меншігі болып табылады және Шарт талаптарына сәйкес Клиентке уақытша пайдалануға және иеленуге беріледі. Клиент төлем карточкасын Шартта көзделген мерзімде және тәртіпте Банкке міндетті түрде

қайтаруы тиіс.

14. Төлем карточкасының сыртқы жағында (электрондық түрде шығарылған карточканы қоспағанда) онда кодталған ақпараты бар магниттік жолақ орналастырылған. Қолайсыз факторлардың әсеріне жол берілмейді: электромагниттік өрістер (дисплейлермен, магниттелген немесе магниттері бар заттармен, мысалы, кілттермен, сөмкелердегі магниттік құлыптармен), механикалық зақымданулар (сызаттар, ластану, қызып кету, мысалы, күн сәулесі) және т. б., бұл магниттік жолақтағы жазбаны зақымдауы және карта операцияларын авторизация режимінде жүргізуді болдырмауға әкелуі мүмкін.

15. Төлем карточкасының беткі жағында (электрондық түрде шығарылған карточканы қоспағанда) кодталған ақпараты бар интегралдық микросхема орналасқан. Интегралды схема электромагниттік өрістер мен атмосфералық әсерлерге жауап бермейді.

16. Электрондық түрде шығарылған төлем карточкасы басқа карточкалардан «пластикта» шығарылмайтындығымен ерекшеленеді, осыған байланысты ХТЖ голограммасы, сондай-ақ Клиенттің қолтаңбасына арналған панелі, магниттік жолағы және интегралдық микросхемасы жоқ.

17. Төлем карточкасының деректемелері тиісті өтінімде және/немесе Клиент пен Банк арасында қол қойылатын өзге де құжаттарда көрсетіледі не банктің техникалық мүмкіндіктері ескеріле отырып, мобильдік қосымшада, Веб-банкингте көрсетілуі мүмкін.

18. Банк қосымша карточка берілетін тұлғаны көрсете отырып, Клиенттің тиісті өтінімінің негізінде Қосымша карточка шығаруы мүмкін (қосымша карточкалар берілетін тұлғалардың тізімі Клиенттің тиісті өтінімінде көрсетіледі). Қосымша карточканы пайдалана отырып жасалған барлық карточкалық операцияларды Клиент жасаған болып саналады.

19. Шотты Клиенттің қалауы бойынша өтінімде Тараптар айқындаған теңгемен, еуромен, АҚШ долларымен және/немесе өзге валютамен жүргізуге болады.

20. Мультивалюталық карточканың ерекшелігі төлем карточкасы арқылы әртүрлі валютада бірнеше шоттар аша алуында. Мультивалюталық карточка бойынша ашылатын валюталар өтінімде көрсетіледі. Клиенттің қалауы бойынша мобильді қосымша арқылы банктің транзакцияның тиісті валютасымен (фунт стерлинг, Қытай юаны, Түрік лирасы, Араб дирхамы, Канадалық доллар, Чех кронасы, Қырғыз сомы, Австралиялық доллар, Швейцариялық франк, Гонконг доллары, Жапон йенасы, Сингапур доллары және басқа да валюталар) операциялар жүргізу үшін осындай техникалық мүмкіндігі болған кезде валютада қосымша шот (шоттар) ашу жүзеге асырылуы мүмкін. Көрсетілген қосымша шоттар (фунт стерлинг, Қытай юаны, Түрік лирасы, Араб дирхамы, Канадалық доллар, Чех кронасы, Қырғыз сомы, Австралиялық доллар, Швейцариялық франк, Гонконг доллары, Жапон йені, Сингапур доллары және басқа да валюталар) бойынша кассалық операциялар жүзеге асырылмайды. Бұл ретте негізгі шот теңгемен жүргізіледі. Қосымша карточка жүргізу валютасы теңге болып табылатын шотқа ашылады.

21. Е-ДСН технологиясы бар төлем карточкасын шығарған кезде, ДСН интернет-ресурста орналастырылған нұсқаулыққа сәйкес клиентпен дербес белгіленеді.

22. Клиент Шарттың талаптарын ескере отырып, төлем карточкасын пайдаланудан бас тартуға құқылы (оның ішінде төлем карточкасының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін). Бұл ретте Клиент төлем карточкасына қызмет көрсеткені үшін төлеген Банк комиссиясы қайтарылмайды.

23. Клиенттің Банкке төлем карточкасын пайдалану қағидаларына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы Клиентті хабардар еткен сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде төлем карточкасын пайдалану қағидаларына өзгерістерді және/немесе толықтыруларды қабылдамау туралы өтінішті ұсынбауы төлем карточкасын пайдалану қағидаларына тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы хабардар ету мерзімі аяқталған күннен бастап қолданысқа енгізілетін төлем карточкасын пайдалану қағидаларына енгізілген өзгерістермен және/немесе толықтырулармен Клиенттің келісетінін білдіреді.

24. Төлем карточкасы шығарылған күннен бастап 6 (алты) ай ішінде талап етілмеген жағдайда, төлем карточкасы мен ДСН-конвертті (бар болса) Банк Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жояды.

3. Төлем карточкасын пайдалану және шот бойынша операцияларды жасау тәртібі

25. Төлем карточкасын ұстаушы саналмайтын тұлғаның карточканы пайдалануға құқығы жоқ.

26. Төлем карточкасында оның қолданылу мерзімі бітетін ай мен жылы көрсетіледі. Төлем карточкасы онда көрсетілген жылдың соңғы күні өткенге дейін жарамды.

26-1. Банк Клиентке Шартқа № 2 қосымшада көрсетілген тәртіппен және шарттарда Токенді (Токен сақталатын мобильді құрылғыны) пайдалана отырып, карточкалық операцияларды одан әрі жасау үшін Токенизацияны жүзеге асыруға мүмкіндік беруге құқылы.

27. Төлем карточкасын қайта шығару Төлем карточкасының қолданылу мерзімі өткен/жоғалған/ұрланған/зақымданған, Клиенттің тегі және/немесе аты өзгерген (Төлем карточкасында көрсетілген жағдайда), Төлем карточкасын карточкалық алаяқтық тәуекелінің деңгейі жоғары елдерде пайдаланған жағдайда, Банктің ХТЖ-ның Төлем деректері бойынша хабарламасын алған кезде³ Банктің

³ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының Алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректермен алмасу орталығының (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкке қарсы

немесе Клиенттің бастамасы бойынша оның Банкке жүгінуі арқылы жүзеге асырылады.

28. ҚР-ға оралған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде карточкалық алаяқтық тәуекелі жоғары елде төлем карточкасын пайдаланған кезде Клиент төлем карточкасын бұғаттау және оны жаңа нөмірмен және ДСН-мен жаңа Төлем карточкасын одан әрі қайта шығару үшін Банкке жүгінуге міндетті. Көрсетілген талап сақталмаған жағдайда және осыған байланысты төлем карточкасын рұқсатсыз пайдалану жағдайы туындаған кезде банктің мұндай талапты сақтамау нәтижесінде туындаған барлық шығыстарын Клиент өтеуі тиіс. Бұл ретте көрсетілген талапты сақтамау салдарынан Клиентке келтірілген залалды Банк өтемейді.

29. Төлем карточкасын пайдаланудан бас тартқан немесе мерзімі өткен жағдайда Клиент төлем карточкасын Банкке қайтарады.

30. Клиенттің тәуекелдерін барынша азайту мақсатында Банк интернет-ресурста орналастырылған төлем карточкасын пайдалана отырып (операциялардың түрлері бойынша да, қызмет көрсету аймағы бойынша да) карточкалық операциялардың жекелеген түрлерін жүргізуге біржақты тәртіппен шектеулер/лимиттер белгілеуге/өзгертуге құқылы. Төлем карточкаларының түріне байланысты карточкалық операциялардың тізбесін банк айқындайды.

31. Тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу, қолма-қол ақша алу немесе өзге де шығыс операцияларын жүргізу кезінде Банк авторландыру сомасына ақшаны бұғаттайды (қолжетімді қаражат сомасынан алып тастайды). Овердрафтты болдырмау мақсатында Клиент Банкке бұғаттау күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге авторизациялау сомасына ақшаны бұғаттауға (қолжетімді қаражат сомасынан алып тастауға) өкілеттік береді. Авторландыру сомасы карточкалық операция бойынша алып қою (есептен шығару) сомасынан ерекшеленуі мүмкін. Авторландыру сомасы операция сомасы алынған сәтке дейін немесе банк авторландыру сомасына карточкалық операция жасалмағаны туралы растауды алғанға дейін қолжетімді қаражат сомасынан алынып тасталады.

32. Мультивалюталық карточка бойынша операция жүргізу кезінде Шығыс операциясы бойынша авторизациялау сәтінде қаражатты бұғаттау операцияның барлық сомасына мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) шоттағы ақшаның жеткіліктілігіне қарамастан, карточкалық операцияның тиісті валютасындағы валютадағы операцияның барлық сомасына. Шотта операция валютасында ақша жеткіліксіз болған жағдайда мультивалюталық карточканың басқа шоттарынан ақшаны алу (есептен шығару) оларды есептен шығаруға арналған қаржылық құжатты өңдеу сәтінде тікелей дебеттеу арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте алу (есептен шығару) тәртібі Шарттың 43-тармағына сәйкес белгіленген басымдықтарға сәйкес жүзеге асырылады;

2) операция валютасында шот болмаған жағдайда, операцияның барлық сомасын бұғаттау және ақшаны одан әрі есептен шығару Шарттың 43-тармағына сәйкес белгіленген басымдықтарға сәйкес валютасы ХТЖ-бен есеп айырысу валютасымен сәйкес келетін шоттан жүзеге асырылады;

3) операция валютасында және ХТЖ-бен есеп айырысу валютасында шот болмаған жағдайда, операцияның барлық сомасын бұғаттау және ақшаны одан әрі есептен шығару негізгі валютадағы (теңгедегі) шоттан және одан әрі Шарттың 43-тармағына сәйкес белгіленген басымдықтарға сәйкес жүзеге асырылады.

33. Есепті кезең аяқталғаннан кейін төлем карточкасын пайдалана отырып операциялар жасаған кезде Банк клиентке Шартта көзделген тәсілдердің бірімен жіберілуі мүмкін үзінді-көшірмені қалыптастырады.

34. Клиент ХТЖ клиенттерін жаһандық қолдау қызметі ұсынатын қызметтерді пайдалануға құқылы, оларды төлеу ХТЖ тарифтеріне сәйкес жүзеге асырылады.

35. Клиент шоттағы ақша қалдығы шегінде, оның ішінде Банкпен жасалған кредиттік шарт негізінде берілген кредит есебінен басқа банктік шоттарға (Банкте немесе кез келген басқа Банкте ашылған) банк осындай операцияларды жасау үшін пайдаланатын сервис арқылы және тарифтерге сәйкес төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыруға құқылы. Егер Клиент Шарт талаптарына сәйкес Банктің комиссиялық сыйақысын төлемеген және шотта төлемді және/немесе аударымды жүргізуге байланысты төленуге тиісті Банктің комиссиялық сыйақы сомасын ескере отырып, төлемді және/немесе ақша аударымын жүргізу үшін ақша жеткіліксіз болған жағдайда, Банк Клиентке төлем құжатын орындаудан бас тартуға құқылы. Банк Клиент Банкке ұсынған/жіберген төлем құжаттарының ішінара орындалуын жүргізбейді.

36. Шотты толықтыру ҚР заңнамасына сәйкес қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз тәсілдермен жүргізілуі мүмкін. Клиент ҚР заңнамасына сәйкес төлемді алушы ретінде Банк толық сәйкестендірген жағдайда ғана Банк ақшаны шотқа есептейді.

37. Шот валютасынан басқа валютада карточкалық операцияны жүзеге асыру кезінде шоттан (шоттарға) ақшаны алып қою / толықтыру төлем валютасын шот валютасына айырбастағаннан кейін ХТЖ ішкі қағидаларына және/немесе ХТЖ жүйесіне қатысушылар арасында жасалған шарттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

38. Басқа банктерден және кез келген үшінші тұлғалардан келіп түсетін төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын Банк осындай төлемдердің немесе ақша аударымдарының келіп түсуіне байланысты комиссиялар мен шығыстарды (егер олар тарифтерге сәйкес алынуға жататын болса) шегере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде шотқа есептейді.

39. Қате нұсқауды орындау нәтижесінде шотқа есептелген ақша жөнелтушіге клиенттің келісімінсіз қайтарылуға жатады.

40. Егер клиенттің тапсырмасы бойынша ұсынылатын құжаттар қайшы келген және/немесе ҚР және/немесе банк заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделмеген жағдайда, Банк Клиенттің тапсырмасын орындаудан бас тартуға құқылы.

40-1. Шот бойынша сыйақы егер Шартта, оның ішінде Қосылу туралы өтініште өзгеше көзделмесе бір айдағы күнтізбелік күндердің нақты саны үшін жылына 365 (үш жүз алпыс бес) күннің есеп айырысу базасын негізге ала отырып, күнтізбелік күннің аяғындағы Шоттағы ақша қалдығына әрбір күнтізбелік күн үшін есептеледі және ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бірінші жұмыс күні (мереке/демалыс күнімен сәйкес келген кезде - келесі бірінші жұмыс күні) Шотқа ТКҰТС⁴ ұстау арқылы төленеді.

40-2. Шот бойынша есептелген Сыйақыны төлеу, егер мұндай ұстап қалу ҚР заңнамасында көзделген болса, Шарт талаптарына сәйкес ТКҰТС ұстап қалу арқылы жүргізіледі.

41. Банктің ХТЖ-бен есеп айырысу валютасы теңге (ҚР аумағында операциялар жасалған кезде), АҚШ доллары (операциялар теңге мен еуродан ерекшеленетін шетел валютасында жасалған кезде), Еуро (егер ХТЖ мен Банктің өзара қарым-қатынастарында көзделсе, еуромен операциялар жасаған кезде) болып табылады. АҚШ доллары мен еуродан ерекшеленетін шетел валютасында ХТЖ арқылы жасалған карточкалық операция сомасы осы карточкалық операция бойынша Банкпен кейінгі есеп айырысу үшін ХТЖ карточкалық операциясын өңдеу күніне белгіленген ХТЖ бағамы бойынша АҚШ долларына айырбасталады.

41-1. Шотты қолма-қол ақшамен, теңгеден басқа валютамен, қашықтан қызмет көрсету арналары арқылы немесе төлем құжаттары түскенге дейін (яғни, шотқа нақты ақша түскенге дейін) шотқа аударуды жүзеге асыру жолымен толтырған кезде Банк Клиентке шығыс операцияларын, оның ішінде карточкалық операцияларды (Банк белгілеген немесе барлық операцияларды, өз қалауы бойынша) жасау үшін толықтыру сомасын дереу пайдалану мүмкіндігін беруге құқылы.

Клиент толықтыру сомасын пайдаланған (толықтыру сомасы есебінен карточкалық операция(-лар) жасаған) және(немесе) толықтыру сомасын 5 (бес) жұмыс күні ішінде келіп түсетін төлем құжаттарын Банк алғанға дейін үшінші тұлғалар (төлем талаптары, инкассалық өкімдер және т. б.) шоттан есептен шығарған жағдайда, Клиент толықтыру/ үшінші тұлғалардың шотынан толықтыру сомасын есептен шығару есебінен карточкалық операцияны жүргізген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінің ішінде Шотта қажетті соманы қамтамасыз ету жолымен Айырбастау бойынша пайда болған бағамдық айырмашылықты (берешекті) Банкке өтеу міндеттемесін өзіне алады. Клиент айырбастау (берешек) бойынша бағамдық айырманы өтеу бойынша клиенттің банк алдында міндеттемесінің туындағанын жеткілікті растау болып табылатын шарт негізінде Клиенттің Банкте ашылған банктік шоттарын тікелей дебеттеу жолымен айырбастау бойынша бағамдық айырмашылықты (берешекті) Банктің есептен шығаруына өзінің қайтарып алынбайтын келісімін Банкке ұсынады.

Бағамдық айырма –бұл толықтыру сомасы есебінен карточкалық операцияны жүргізу кезінде/үшінші тұлғалар толықтыру сомасын Шоттан есептен шығарған кезде қолданыста болған шетелдік валютаны сатып алу бойынша Банктің бағамы және Банк төлем құжаттарын алған сәтте қолданыста болған шетелдік валютаны сатып алу бойынша Банктің бағамы арасындағы айырмашылыққа (оң айырмашылыққа) көбейтілген толықтыру сомасы.

Толықтыру сомасына қатысты Банктің төлем құжаттарын алу күні туралы, сондай-ақ толықтыру сомасының есебінен карточкалық операцияны жүргізу сәтінде және Банктің төлем құжаттарын алу сәтінде қолданыста болған Банктің шетел валютасын сатып алу бағамдары туралы ақпарат алу үшін Клиент Банкке жүгінуге құқылы.

42. Егер шоттың валютасы карточкалық операцияны жүргізу валютасына сәйкес келмесе, Банк төлем карточкасын пайдалана отырып төлемді жүзеге асыру кезінде жасалған төлем құжатының банкке келіп түскен күні және уақытында Банк белгілеген валютаны сату/сатып алу бағамы бойынша айырбастауды жүзеге асырады.

43. Мультивалюталық карточка бойынша карточкалық операция жүргізу кезінде операция сомасы шоттардан мынадай тәртіппен есептен шығарылады:

1) Егер карточкалық операцияның валютасы Мультивалюталық карточка шоттарының бірінің валютасымен сәйкес келсе, онда есептен шығару шоттан транзакцияның тиісті валютасымен жүзеге асырылады. Транзакция валютасындағы шотта ақша жеткіліксіз болған кезде мультивалюталық карточканың басқа шоттарынан жетіспейтін соманы оларды тікелей дебеттеу арқылы алу (есептен шығару) жүзеге асырылады. Бұл ретте, добор (есептен шығару) бірінші кезекте теңгемен ашылған шоттан, ондағы ақша сомасы жеткіліксіз болған кезде, қалған сома – АҚШ долларындағы шоттан, содан кейін еуроғағы шоттан, содан кейін басқа шоттардағы тәртіп бойынша (олар болған кезде) жүргізіледі;

2) мультивалюталық карточкада валютада транзакция шоты болмаған жағдайда валютасы ХТЖ-мен есеп айырысу валютасымен сәйкес келетін шоттан есептен шығару жүзеге асырылады. ХТЖ-мен есеп айырысу валютасындағы шотта ақша жеткіліксіз болған кезде жетіспейтін ақша сомасы бірінші кезекте теңгемен ашылған шоттан, ондағы ақша сомасы жеткіліксіз болған кезде, қалған сома – АҚШ долларындағы шоттан, содан кейін еуроғағы шоттан, содан кейін басқа шоттардағы тәртіп бойынша (олар болған кезде)

⁴ Егер мұндай ұстап қалу Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген жағдайда

алынады (есептен шығарылады);

3) мультивалюталық карточкада валютамен транзакция шоты және ХТЖ-мен есеп айырысу валютасымен шот болмаған жағдайда, шоттан негізгі валютамен (теңгемен) есептен шығару жүзеге асырылады. Шотта теңгемен ақша жеткіліксіз болған кезде мультивалюталық карточканың басқа шоттарынан жетіспейтін соманы оларды тікелей дебеттеу арқылы алу (есептен шығару) жүзеге асырылады. Бұл ретте, добор (есептен шығару) бірінші кезекте АҚШ долларындағы шоттан, содан кейін еуроғағы шоттан, содан кейін тәртіп бойынша басқа шоттардан (олар болған кезде) жүргізіледі.

Мультивалюталық карточканың шоттарында ақша сомасы жеткіліксіз болған кезде карточкалық операция қабылданбайды.

Бір мультивалюталық карточканың шоттары арасында аударымдарды жүзеге асырған кезде Банк авторизациялау сәтінде Банк белгілеген валютаны сату/сатып алу бағамы бойынша айырбастауды жүзеге асырады.

44. Клиенттің валюталық операцияларын жүргізу кезінде Банк ҚР валюталық заңнамасының талаптарына сәйкес әрекет етеді. Клиент Банкке ҚР валюталық заңнамасына сәйкес ұсынылуға талап етілетін, клиенттің банк арқылы жүргізілетін валюталық операцияларына қатысты құжаттарды, оның ішінде валюталық операцияны сәйкестендіру үшін қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті.

45. Төлем және/немесе аударым осындай төлемді және / немесе аударымды жүзеге асыру үшін шотта ақша жеткіліксіз болған кезде жүзеге асырылмайды.

46. Банк клиенттің қосымша келісімінсіз Қазақстан Республикасының заңнамасында, шартта немесе автоматты ақша аударуға, оның ішінде Клиенттің Банкке берген ақша жөнелтушінің тұрақты өкімі бойынша қызметке қосылу негізінде шоттан клиенттің/үшінші тұлғаның кез келген банктік шотына ақша аудару жөніндегі өтініштерде, сондай-ақ LoungeKey бағдарламасы бойынша бизнес-залдарға/лаунж залдарға бару қызметтері үшін, сондай-ақ клиентке ақылы негізде көрсетілген ХТЖ басқа да қызметтері үшін шоттағы ақшаны есептен шығарады немесе аударады.

47. Овердрафт туындаған жағдайда клиент овердрафт сомасын ол туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтеуге тиіс. Овердрафттың туындағаны туралы Банк Клиентті Шартта көзделген тәсілдердің бірімен хабардар етеді.

48. Егер ҚР заңнамасында өзгеше көзделмесе, Банк клиентке Бонус/ Акциялық бонус беруге құқылы. Шығарылатын төлем карточкасының түріне қарай бонустарды/ Акциялық бонустарды есептеу, пайдалану, төлеу шарттарын банк айқындайды. Банк клиентке хабарламай бонусты/ Акциялық бонусты, оның ішінде есептелген бонусты/Акциялық бонусты жою, сондай-ақ есеп айырысулар мен төлемдердің мөлшері мен тәртібін өзгерту, оның ішінде кез келген шектеулерді айқындау және белгілеу құқығын өзіне қалдырады:

- 1) бонустарды/Акциялық бонустарды БШ/ҚБШ-дан пайдалану және алып қою тәсілдеріне;
- 2) бонустарды/Акциялық бонустарды есептеу, жинақтау және олардың қолданылу кезеңіне;
- 3) сауда және сервис кәсіпорындарының тізбесіне;
- 4) төлем карточкасы бойынша жүргізілетін операциялардың түрлеріне қолданылмайды;
- 5) Банкте Клиенттің бонустарды/акциялық бонустарды төлеу шарттарын теріс пайдалануына, Клиенттің олардың мақсаты мен Банктің мүдделеріне қайшы келетін бонустар/акциялық бонустар есебінен байыту мақсатында операциялар жасауына күдік болған жағдайда.

Бонустар/Акциялық бонустар беру шарттары туралы ақпарат Интернет-ресурста орналастырылады және / немесе кез келген өзге тәсілмен Клиентке жеткізіледі.

49. Карточкалық операцияның күші жойылған жағдайда, оның ішінде Клиент сатып алуды қайтару жолымен жойылған жағдайда, Клиент Есептелген бонус/Акциялық бонус сомасын қайтаруға міндетті. Банк ББЖ-да есептелген Бонус/Акциялық бонус сомасын біржақты тәртіппен, оның ішінде мынадай жағдайлардың кез келгенінде ББЖ-дағы минуслық (теріс) балансты көрсету жолымен алып қоюға құқылы:

- Карточкалық операция жойылған кезде;
- Бонус/Акциялық бонус Клиентке тиесілі болмаған кезде Банктің Бонусты / Акциялық бонусты қате есептеуі;
- Банктің пікірінше, Клиенттің Бонусты/Акциялық бонусты есептеу және төлеу шарттарын теріс пайдалануы орын алған кезде;
- Банкте Клиент Банктің мақсаты мен мүдделеріне қайшы келетін Бонустар/Акциялық бонустар есебінен байыту мақсатында операциялар жасады деген күдік болған жағдайда.

ББШ-қа бонустарды есепке алу Төлем карточкасын пайдалана отырып төлемді жүзеге асыру кезінде жасалған Төлем құжатының Банкке келіп түскен күні және уақытында жүзеге асырылады.

50. Клиент бастамашылық жасаған төлем банктен төлем құжатының орындалмағаны туралы хабарлама клиенттің нұсқауын алған күннен кейінгі 1 (бір) операциялық күн ішінде алынбаған жағдайда әдепкі бойынша орындалды деп есептеледі.

51. Клиентке карточкалық операция жасалған күннен бастап 120 (жүз жиырма) күнтізбелік күн ішінде төлем карточкасын пайдалануға байланысты барлық құжаттарды (чектерді, слиптерді, қызметтерге ақы төлеу шоттарын және т.б.) сақтау және қажет болған жағдайда оларды Банктің бірінші талабы бойынша ұсынылады.

52. Тараптар үзінді-көшірменің карточкалық операцияларды жасаудың жеткілікті дәлелі болып табылатынын мойындайды.

53. Егер жүргізілген тергеп-тексеру нәтижелері бойынша Клиенттің шағымы негізді деп танылған жағдайда, Банк тиісті карточкалық операцияның күшін жояды және карточкалық операция сомасын қайтаруды жүзеге асырады, егер мұндай алып тастау/қайтару мүмкін болса, бұл ретте ақша басқа банктермен және ХТЖ төрелігімен даулы карточкалық операцияны толық реттеу аяқталғаннан кейін клиенттің шотына қалпына келтіруге жатады.

54. Егер жүргізілген тергеу нәтижелері бойынша Клиенттің шағымы негізсіз деп танылған жағдайда, даулы операцияны ХТЖ арқылы, ХТЖ төрелігінде даулау құны, сондай-ақ растайтын құжаттардың ұсынылған көшірмелерінің құны ХТЖ тарифтеріне сәйкес клиенттің шотынан алынатын (есептен шығарылатын) болады.

55. Клиенттің өтінішін қарау мерзімі, оның ішінде төлем карточкасын пайдалануға байланысты даулы жағдайлар мен рұқсат етілмеген төлемдер туындаған кезде банкке жүгінген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайды, сондай-ақ төлем карточкасы ҚР шегінен тыс пайдаланылған жағдайда, осындай өтінішті алған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен аспайды. Клиенттің өтінішін қарау және оған жауап дайындау мерзімі ҚР заңнамасында және ХТЖ қағидаларында белгіленген мерзімде жүргізіледі.

56. Шот/төлем карточкасы бойынша операцияларды жүргізу тәртібі ҚР заңнамасына, ХТЖ ережелеріне және/немесе Банктің ішкі құжаттарына өзгерістер енгізілген кезде өзгеруі мүмкін.

57. Клиент мобильді қосымшада, оның ішінде ақша аудару сервисі арқылы төлем карточкасына ақша аударымын (1) алушының мобильді телефон нөмірін енгізу жолымен немесе (2) алушының мобильді телефон нөмірін мобильді құрылғының телефон кітабының байланыстар тізімінен таңдау жолымен жүзеге асыра алады.

Бұл ретте Клиент Шарт жасасу арқылы Банкке мобильді қосымшада өзінің мобильді телефонының телефон кітабының байланыстар тізіміне қол жеткізуіне өзінің келісімін білдіреді.

4. Клиенттің Банкпен тарифтері және өзара есеп айырысулары

58. Шарт бойынша Банк ұсынатын қызметтер үшін Клиент Банкке операция жасалған күнгі қолданыстағы тарифтерге сәйкес комиссиялық сыйақыны (комиссияны) төлеуге міндеттенеді.

59. Банк тарифтерді интернет-ресурста, Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың қосымша үй-жайларында орналастырады.

Банк Шарт бойынша ұсынатын қызметтер үшін ақы төлеуді (комиссиялық сыйақы) Банк Клиенттің Банкте ашылған барлық банктік шоттарынан ақшаны алып қою (есептен шығару) арқылы жүзеге асырады. Банктің қалауы бойынша Шарт бойынша Банк ұсынатын қызметтер үшін төлемді Клиенттер қолма-қол ақшамен жүзеге асыра алады. Осы арқылы Клиент Банкке Шартта көзделген жағдайларда Клиенттің Банкте ашылған кез келген банктік шоттарынан тікелей дебеттеу арқылы ақшаны есептен шығаруға өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді. Клиенттің банктік шоттарынан ақша сомасын өзге валютамен (Клиент міндеттемесінің валютасынан басқа) алу (есептен шығару) Банктің таңдауы бойынша, алынған валютаны сату немесе сатып алудың Банк белгілеген бағамы бойынша, Клиенттің есебінен тарифтерге сәйкес айырбастау жүргізгені үшін комиссия сомасын өндіріп алу арқылы жүргізіледі (оның ішінде айырбасталған сомадан айырбастау үшін комиссия ұсталған кезде).

60. Клиент халықаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде алынатын комиссияларды қоспағанда, Банк Тарифтерінің, Шот бойынша Сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшері, оның ішінде Банктің қалауы бойынша ұлғайту жағына қарай мынадай түрде өзгеруі мүмкін екенімен келіседі:

60.1. Банк операцияларын жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидаларда көзделген Тарифтердің, Сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары шеңберінде ғана (Банк операцияларын жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалар Интернет-ресурста орналастырылған); және/немесе

60.2. Тиісті ақпаратты және Тарифтерді, Сыйақы мөлшерлемелерін енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Банктің Интернет-ресурсында, сондай-ақ Банк үй-жайларында (операциялық бөлімшелерде) Клиентке бірден көрінетін жерде мынадай мерзімдерде орналастыру арқылы:

1) Төлемдер мен аударымдар бойынша тарифтер оларды өзгертудің болжамды күніне дейін кемінде:

а) 3 (үш) ай (Тарифтердің мөлшері ұлғайған жағдайда);

б) 5 (бес) күнтізбелік күн (Тарифтердің мөлшері азайған жағдайда), бұл ретте Төлем карточкалары бойынша тарифтер олардың болжамды ену күніне дейін кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын;

2) Осы тармақтың 1) тармақшасында көзделмеген операциялар бойынша тарифтер кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын;

3) Сыйақы мөлшерлемелері оларды өзгертудің болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын.

Клиент сондай-ақ Банктің жаңа өнімдер/көрсетілетін қызметтер бойынша жаңа Тарифтерді біржақты тәртіппен енгізуге құқылы екенімен келіседі. Банк Тарифтерге осындай өзгерістер туралы тиісті ақпаратты және енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Тарифтерді Банктің Интернет-ресурсында, сондай-ақ Банктің үй-жайларында (операциялық бөлімшелерде) Клиентке бірден көрінетін орында орналастыру арқылы Клиентке хабарлайды.

Клиент Банкке өзгертілетін Тарифтерді, осындай өзгерістер қолданысқа енгізілгенге дейін Шот бойынша Сыйақы мөлшерлемелерін қабылдаудан бас тарту туралы өтінішті ұсынбаған жағдайда, Шот бойынша Тарифтерді, Сыйақы мөлшерлемелерін Клиент қабылдаған болып есептеледі (Тараптардың келісімі бойынша өзгертілген).

Бұл ретте Клиент Банктің: (i) төлем қызметтері болып табылмайтын; (ii) Халықаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде алынатын Банк қызметтері бойынша тарифтерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы екенімен келіседі. Осындай Тарифтерге енгізілген өзгерістер туралы Банк Клиентті ақпаратты Интернет-ресурста, сондай-ақ банктің барлық филиалдарында және олардың құрылымдық бөлімшелерінде орналастыру арқылы хабардар етеді.

61. Клиент Жалақы жобасы шеңберінде оған Төлем карточкасы бекітілген Шотқа жалақы жобасы бойынша тарифтер Банктің Клиенттен және/немесе оның жұмыс берушісінен Клиент пен оның жұмыс берушісі арасындағы еңбек қатынастары тоқтатылғаны туралы хабарлама алғанға дейін қолданылатынын біледі. Банк Клиенттен және/немесе оның жұмыс берушісінен еңбек қатынастарының тоқтатылғаны туралы хабарлама алған жағдайда, Банк шығарған Төлем карточкасын Банк Жалақы жобасынан шығарады да Банк шығарған төлем карточкасын Банкке берілген Клиенттің немесе Банктің және Клиенттің жұмыс берушісінің шарттық қатынастарына сәйкес Банкке берілген Клиенттің жаңа Жұмыс берушісінің хабарламасы негізінде өзге жалақы жобасына аударатын жағдайларды қоспағанда, базалық (стандартты) Тарифтерге сәйкес қызмет көрсетуге ауыстырады.

61-1. Жалақы жобасы шеңберінде Клиенттің тиісті келісімі болған кезде Банк Клиенттің алдында жұмыс берушіден жалақы және өзге де төлемдер төлеу міндеттемелерін орындау мақсатында Клиенттің жұмыс берушісіне Клиент көрсеткен шот бойынша мәліметтерді ұсынады.

62. Банк карточкалық операциялардың, Банк комиссиясының сомаларын, шотқа қате есептелген/банкоматты пайдалана отырып алынған соманы Клиент сұратқан және банкоматтың бақылау чегінде көрсетілген сомадан (оның ішінде өзге валютада) қолжетімді қаражат сомасы есебінен есептен шығарады.

63. Клиент шотқа қате есептелген не банкоматты пайдалана отырып қате алынған ақшаны Клиент сұратқан және банкоматтың бақылау чегінде көрсетілген сомадан тыс, оның ішінде өзге валютада (осындай қате есепке алу/алу себебіне қарамастан), егер клиент шотқа қате есептеген/алған ақшаны банк шоттан есептен шығара алмайтын жағдайда, Банк белгілеген мерзімде қайтаруға міндеттенеді (шотта ақшаның болмауы және т.б.).

5. Төлем карточкасын жоғалту / ұрлау. Төлем карточкасын заңсыз пайдалану

64. Клиент төлем карточкасын жоғалту/ұрлау мүмкіндігін болдырмауға, ДСН және төлем карточкасының басқа да құпия деректемелерін жария етуге/құпиясыздандыруға жол бермеуге, сондай-ақ төлем карточкасын үшінші тұлғаларға бермеуге міндетті.

65. Егер Клиент төлем карточкасының жоғалғанын, ұрланғанын анықтаса және/немесе оған заңсыз пайдаланылғаны белгілі болса, ол Банкке жүгіну жолымен немесе мобильді қосымша/Веб-банкінг арқылы төлем карточкасын бұғаттауға міндетті. Клиенттің ауызша алынған төлем карточкасын бұғаттау туралы талабы клиенттің қолымен расталған қағаз тасығышта алынған жазбаша талабына баламалы болып есептеледі. Клиентке қосымша төлем карточкасын Стоп-параққа енгізу ұсынылуы мүмкін. Бұл ретте Клиент ХТЖ тарифтеріне сәйкес төлем карточкасын Стоп-параққа енгізу бойынша банктің шығыстарын өтейді. Клиент төлем карточкасын Стоп-параққа енгізуден бас тартқан кезде, сондай-ақ төлем карточкасының Стоп-парақта болу мерзімі өткеннен кейін төлем карточкасын (оның деректемелерін) пайдалана отырып жасалған операциялар үшін Клиент жауапты болады. Бұл ретте төлем карточкасын бұғаттау туралы талап Банк Клиенттің төлем карточкасын бұғаттау туралы талабын алған кезден бастап 2 (екі) сағат өткен соң күшіне енеді, төлем карточкасының нөмірін Стоп-параққа енгізу туралы талап ХТЖ белгілеген уақыт шеңберіне сәйкес күшіне енеді.

66. Бұрын жоғалған/ұрланған немесе заңсыз пайдаланылған төлем карточкасы табылған жағдайда, Клиент бұл туралы Банкке дереу кез келген тәсілмен хабарлауға және оны қысқа мерзімде Банкке қайтаруға міндетті.

67. Төлем карточкасының жоғалғаны, ұрланғаны немесе Төлем карточкасының рұқсатсыз пайдаланылғаны туралы Банкті хабардар етпеген жағдайда, Клиент Төлем карточкасының жоғалуына/ұрлануына немесе Төлем карточкасын рұқсатсыз пайдалануына байланысты тәуекелдер үшін жауапты болады.

6. Клиенттің құқықтары мен міндеттері

68. Клиент:

- 1) Төлем карточкасын ҚР заңнамасына және Шарт талаптарына сәйкес пайдалануға;
- 2) Шот бойынша үзінді көшірмелер алуға;
- 3) Төлем карточкасын бұғаттау және/немесе Төлем карточкасын пайдалану бойынша шектеулерді/лимиттерді алып тастау/өзгерту/ қалпына келтіру туралы Банкке жүгінуге құқылы;
- 4) төлем карточкасында көрсетілген қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 1 (бір) ай бұрын, сондай-ақ төлем карточкасы жоғалған/ұрланған/заңсыз пайдаланылған жағдайда дереу төлем карточкасын қайта шығару туралы Банкке жүгінуге;
- 5) «Ұзақ мерзімді тапсырма» қызметіне қосылу туралы өтініш негізінде Банкке төлем карточкасына қызмет көрсету үшін ашылған шоттан өзінің кез келген банктік шотына/үшінші тұлғаның банктік шотына ақша аударуды тапсыруға;
- 6) алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Банкке жүгінуге және ҚР

заңнамасында белгіленген мерзімдерде жауап алуға;

7) ҚР басқа эмитент банкі шығарған төлем карточкасын пайдалана отырып, теңгемен ақша аудару жолымен төлем карточкасын пайдалана отырып жасалатын операциялар көрсетілетін Шотты мобильді қосымша арқылы толықтыруды жүзеге асыруға **құқылы**.

69. Клиент:

1) Алынып тасталды;
2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындауға және ҚР заңнамасына және ХТЖ қағидаларына қайшы келетін операцияларды жасау үшін төлем карточкасын пайдаланбауға;
3) шот бойынша операция жасалған күнгі қолданыстағы тарифтерге сәйкес Банк қызметтеріне ақы төлеуге;

4) төлем карточкасының сақталуын қамтамасыз етуге, ДСН мен төлем карточкасының басқа да деректемелерін құпия ұстауға, төлем карточкасын үшінші тұлғаларға бермеуге;

5) шоттан ақшаны қате алған немесе қате есепке алған кезде немесе рұқсат етілмеген рұқсат етілмеген операция жасалған кезде, сондай-ақ төлем карточкасын ККҚ, ӘМӨ немесе банкоматтан алып қойған жағдайда Банкті дереу хабардар етуге;

6) төлем карточкасының қолданылу мерзімінің өтуі салдарынан оны пайдалану тоқтатылған кезде және/немесе шарт бұзылған кезде бұл туралы Банкке хабарлауға және төлем карточкасын банкке қайтаруға;

7) төлем карточкасын және/немесе оның деректемелерін үшінші тұлғалардың заңсыз пайдалану тәуекелін көтеруге;

8) шоттан ақшаның жұмсалуды бақылауға, Овердрафттың пайда болуына жол бермеуге;

9) осы бөлімнің 5-кіші бөліміне сәйкес төлем карточкасы жоғалған/ұрланған/заңсыз пайдаланылған жағдайда Банкті хабардар етуге;

10) Банктен тиісті хабарлама алған кезде төлем карточкасын пайдалануды тоқтатуға және Банктің хабарламасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шот бойынша берешекті өтеуге, сондай-ақ шартсыз тәртіппен клиенттің шарт бойынша міндеттемелерді бұзуына байланысты немесе төлем карточкасын бұғаттауға, оны Стоп-параққа енгізуге байланысты Банк шеккен шығыстар мен сот шығындарын толық сомада өтеуге және төлем карточкасын Банкке қайтаруға;

11) төлем құжаты орындалғаннан кейін осындай орындаудың дұрыстығын айқындауға және ол қате орындалған жағдайда, қате төлемнің орындалғаны анықталғаннан кейін 3 (үш) операциялық күн ішінде, бірақ қате нұсқауды немесе рұқсат етілмеген рұқсат етілмеген төлемді және (немесе) ақша аударымын орындаған күннен бастап 3 (үш) жылдан кешіктірмей анықталған қате туралы Банкке хабарлауға. Қате төлем туралы хабарламада Клиент төлем құжатының деректемелерін және ол анықтаған қате деректемелерді көрсетеді;

12) банкоматтан қате алынған, Клиент сұратқан және банкоматтың бақылау чегінде көрсетілген сомалардан артық, сондай-ақ Банк белгілеген тәртіппен шотқа қате есептелген (Клиент тапқан кезде) сома табылған кезден бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде ақшаны қайтаруға;

13) Қоса алғанда және тек бұлармен шектелмей, дербес деректер, тұрақты тіркелген және нақты тұратын мекенжай, байланыс телефондары, сондай-ақ шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына әсер етуі мүмкін ақпарат өзгерген күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннің ішінде Банкке осы тармақта көрсетілген мәліметтердің өзгеру фактісін растайтын қажетті құжаттарды қоса бере отырып Банкке тиісті өтініш жіберу жолымен осы өзгерістер туралы Банкке хабарлауға;

14) банктегі өзінің шотынан 1 000 000 (бір миллион) теңгеден (немесе шетел валютасындағы эквиваленті) астам сомаға қолма-қол ақша алуға арналған өтінімді Банктегі Шоттан қолма-қол ақшаны алатын күннің алдындағы жұмыс күні 16:00-ден кешіктірмей Банкке ұсынуды қамтамасыз етуге;

15) Клиенттің өтініші негізінде банк қызмет көрсету бойынша қандай да бір шектеулерді/лимиттерді алып тастаған немесе өзгерткен төлем карточкасын пайдалануға байланысты туындаған салдарлар үшін жауапты болуға;

16) Осы тармақтың 11) тармақшасында көрсетілген салдардың туындауының дәлелі ретінде банктен даулы жағдайлар жөніндегі ақпаратты қабылдауға;

17) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 741-бабының екінші бөлімінің 1), 2), 2-1), 2-3), 3), 4), 5-1), 5-2), 5-3), 7), 7-1), 8), 9) тармақшаларда көзделген мақсаттар үшін ашылған ағымдағы шоттарға қызмет көрсету шеңберінде шығарылған төлем карточкаларын қоспағанда, оның атына, сондай-ақ балалардың атына шығарылған қосымша төлем карточкалары бірнеше банк шығарған жиынтығында он және одан да көп дебеттік карточкалардың бар екендігі туралы Банкті күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірілмейтін мерзімде хабардар етуге;

18) тізбесін уәкілетті орган⁵ қалыптастыратын «Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушылары болып табылмайтын цифрлық активтер биржаларының пайдасына төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырмауға;

19) ойын бизнесі саласындағы заңнаманы бұза отырып, оның ішінде қызметі Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз болып табылатын шетелдік ойын бизнесін ұйымдастырушылардың, Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиясы жоқ

⁵ уәкілетті орган – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган

шетелдік букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың пайдасына, сондай-ақ, электронды казино мен интернет-казиноның пайдасына төлемдер мен (немесе) аударымдарды жүзеге асырмауға;

20) үшінші тұлғаларға Төлем карточкасына (карточкаларына) және/немесе шотына (шоттарына) және/немесе кез келген Сәйкестендіру/Аутентификация құралдарына, оның ішінде Мобильді қосымшаға және/немесе Веб-банкінгке және/немесе Сәйкестендіргіштерге/Аутентификаторларға қол жеткізуді ұсынбауға, үшінші тұлғалардың мүддесіне транзакцияларды жүзеге асырмауға немесе Веб-банкінгті және/немесе Сәйкестендірудің/Аутентификациялаудың кез келген құралдарын үшінші тұлғаларға, оның ішінде материалдық сыйақы немесе мүлкілік сипаттағы өзге де пайда үшін пайдалануға бермеуге міндеттенеді.

7. Банктің құқықтары мен міндеттері

70. Банк:

1) өз қалауы бойынша төлем карточкаларын шығару тәсілін айқындауға (электрондық түрде, пластикада және т. б.), қайта шығару кезінде банк ол айналысқа шығаратын шарт бойынша төлем карточкалары үшін қолданатын/пайдаланатын ерекшелікті (оның ішінде түрін, функцияларын, сипаттамаларын, дизайнын және т. б.) қайта шығаруға және Клиентке беруге;

2) Шартта көзделген жағдайларда шотта бұғаттау күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге авторизациялау сомасына ақшаны бұғаттауға (қолжетімді қаражат сомасынан алып тастауға);

3) Клиенттің банктегі кез келген банктік шоттарынан шот валютасынан басқа валютада, сондай-ақ клиенттің басқа банктердегі кез келген банктік шоттарынан ақшаны алып қойған кезде соманы банк алып қойған күні белгілеген валюта айырбастау бағамы бойынша айырбастауға;

4) Мынадай жағдайларда төлем карточкасын бұғаттауға:

a) Клиенттен төлем карточкасының жоғалғаны, ұрланғаны немесе рұқсат етілмеген рұқсат етілмеген пайдаланылғаны туралы хабарлама алған;

b) Клиент шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған/тиісінше орындамаған;

c) төлем карточкасының деректерін жария етуге қатысты ХТЖ хабарламасын алған;

d) Клиент және/немесе өзге үшінші тұлғалар тарапынан төлем карточкасын пайдалана отырып рұқсат етілмеген операциялар туралы растауды алғанда;

e) Банк карточкалық операцияларды мониторингтеу кезінде күдікті/ рұқсат етілмеген рұқсат етілмеген операцияларды анықтаған кезде, мән-жайлар анықталғанға дейін;

f) төлем карточкасын пайдалану ережелері сақталмаған жағдайларда;

g) шотта 6 (алты) айдан астам ақша қозғалысының болмауы;

h) Банктің Клиент тарапынан да, Клиентке қатысты да құқыққа қайшы әрекеттер жасауда күдіктері болған жағдайда.

5) мынадай жағдайларда Төлем карточкасын кері қайтарып алуға:

a) Клиенттің шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы;

b) Шартты бұзу;

6) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен төлем карточкасы бойынша жасалатын/жасалған карточкалық операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға және/немесе одан бас тартуға;

7) Банк оның шеңберінде төлем карточкасын шығарған Банктің тиісті өнімі тоқтатқан жағдайда, Клиентке кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Банктің ішкі құжаттарының негізінде, Байланыс арнасы арқылы және/немесе мұндай ақпаратты Интернет-ресурста орналастыру жолымен тиісті хабарлама жіберген кезде төлем карточкаларын біржақты тәртіппен жабуға;

8) Клиентпен іскерлік қатынастар тоқтатылған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде клиенттің досьесін, шот туралы мәліметтерді және онымен хат алмасуды, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операциялар туралы құжаттар мен мәліметтерді қоса алғанда, тиісті тексеру нәтижелері бойынша алынған құжаттар мен мәліметтерді сақтауға;

9) осы Шартқа қосылу арқылы шетелдік дипломатиялық және консулдық лауазымды тұлға болып табылатын клиент Клиент және оның операциялары бойынша Банк сұратқан және КЖ/ТҚҚ бойынша халықаралық стандарттарды Банктің орындауы үшін қажетті (оның ішінде, бірақ клиенттің операциялары бойынша ақшаның шығу көзі, мақсатты пайдаланылуы бойынша шектелмей) барлық ақпарат пен құжаттарды беруге келіседі және ерікті түрде өзіне міндеттеме алады. Бұл ретте Клиент осы ақпаратты және құжаттарды Банкке ұсыну Клиенттің ерікті қалауы болып табылатынын және 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының және 1963 жылғы 24 сәуірдегі консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясының ережелерін бұзу болып табылмайтынын мойындайды, сондай-ақ Банктің КЖ/ТҚҚ бойынша халықаралық стандарттарды орындауы үшін қажет Клиент пен оның операциялары бойынша осы ақпаратты және құжаттарды сұрату құқығын, сондай-ақ сұратылып отырған құжаттарды ұсынбаған жағдайда Банктің операцияны жүргізуден бас тарту және/немесе біржақты тәртіппен Клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату құқығын мойындайды;

10) Қаржы мониторингін жүзеге асыратын және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша өзге де шаралар қабылдайтын

уәкілетті мемлекеттік орган Клиентті және/немесе бенефициарлық меншік иесін террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізіміне, Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасына сәйкес жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне қосқаны туралы ақпарат негізінде транзакциялар жүргізуді тоқтата тұруға;

11) Алынып тасталды;

12) Алынып тасталды;

13) Алынып тасталды;

14) Шартта көзделген тәртіппен шартқа/төлем карточкасын пайдалану қағидаларына/тарифтерге/өнімнің/қызметтің шарттарына өзгерістер және/ немесе толықтырулар енгізуге бастамашылық жасауға;

15) Шартты бұзған кезде Клиент Төлеген Жылдық қызмет көрсету және/немесе төлем карточкасына қызмет көрсеткені үшін өзге де комиссиялар сомасын қайтармауға;

16) Қызмет көрсету сапасын бақылауды жүзеге асыру үшін клиентпен ол банкке және/немесе Банктің Call Center-іне жүгінген кезде телефон арқылы сөйлесудің жазбасын жүргізуге, сондай-ақ осындай жүгіну фактісін растау үшін жазбаны пайдалануға, сондай-ақ Клиентке қоңырау шалған кезде телефон арқылы сөйлесудің жазбасын жүргізуге, төлем карточкасы бойынша операцияларды растау және сөйлесу жазбасын осы фактіні растау ретінде одан әрі пайдалану үшін;


· ознакомился и согласен с тарифами Банка;

· ознакомился и принимаю условия Комплексного договора банковского обслуживания физических лиц (далее - Договор);

· обязуюсь использовать счет исключительно в рамках специального налогового режима для самозанятых, а также не осуществлять операции по счету, связанные с иной предпринимательской деятельностью, в том числе нотариальной деятельностью, адвокатской деятельностью, деятельностью по исполнению исполнительных документов, деятельностью по урегулированию споров в порядке медиации и прочее;

· информирован об участии Банка в системе обязательного гарантирования депозитов, а также уведомлен об условиях, сроках и порядке выплаты гарантийного возмещения, предусмотренных Законом Республики Казахстан «Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан». Уведомление об условиях, сроках и порядке выплаты гарантийного возмещения, предусмотренных Законом Республики Казахстан «Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан», размещено на Интернет-ресурсе Банка по адресу www.alataucitybank.kz;

· даю свое полное согласие на предоставление в уполномоченные государственные органы, в том числе органы государственных доходов Республики Казахстан, сведений и информации, полученных Банком в рамках заключения и исполнения Договора, включая, но не ограничиваясь, сведения о банковских счетах Клиента, остатках и движении денег по ним, банковских операциях, назначении платежей, а также иной информации, предоставление которой допускается или требуется в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Жеке тұлғаның-өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғаның дербес деректерін және өзге де мәліметтерін жинауға және өңдеуге келісімі (оған қол қойылған күннен бастап жазбаша нысанда кері қайтарып алынған күнге дейін)/Согласие на сбор и обработку персональных данных физического лица-самозанятого и иных сведений (с даты его подписания и до дня отзыва в письменной форме)

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Келісім формасы әмбебап болып табылады. "Alatau City Bank" АҚ және Alatau City тобының компаниялары нақты қызмет көрсету, операцияны орындау, сервисті ұсыну және/немесе мәміле талаптарын орындау үшін қажетті және жеткілікті көлемде клиенттердің (олардың өкілдерінің) дербес және өзге де деректерін жинауды және өңдеуді жүзеге асырады/ ВНИМАНИЕ! Форма согласия является универсальной. АО «Alatau City Bank» и компании Группы Alatau City* осуществляют сбор и обработку персональных данных физических лиц и иных сведений (их представителей) в объеме, необходимом и достаточном для оказания конкретной услуги, выполнения операции, предоставления сервиса и/или исполнения условий сделки*

Жеке тұлғаның дербес деректерін және өзге де мәліметтерді жинауға және өңдеуге осы Келісім арқылы (бұдан әрі – Келісім) Клиент (оның ішінде, егер қолданылса, клиент заңды өкіл құқығымен ұсынатын кәмелетке толмаған балаларға қатысты) және/немесе Клиенттің өкілі** (бұдан әрі бірлесіп "Субъект") "Alatau City Bank" АҚ-қа, БСН 920140000084 (бұдан әрі-Банк) және Alatau City тобының компанияларына субъектінің дербес деректерін, сондай-ақ субъектіге қатысты төменде көрсетілген мәліметтерді/деректерді/ақпаратты және құжаттарды жинауға және өңдеуге келісім (бұдан әрі – мәліметтер) береді/Настоящим Согласием на сбор и обработку персональных данных физического лица и иных сведений (далее – Согласие) Клиент (в том числе, если применимо, в отношении несовершеннолетних детей, представляемых Клиентом на правах законного представителя) и/или представитель Клиента** (далее совместно – Субъект), предоставляет(-ют) АО «Alatau City Bank», БИН 920140000084 (далее – Банк) и компаниям Группы Alatau City согласие на сбор и обработку персональных данных Субъекта, а также нижеуказанных сведений/данных/информации и документов, относящихся к Субъекту (далее совместно – Сведения):

1) Банктің және/немесе Alatau City Тобы компанияларының қызмет көрсету шарттарын жасасу және орындау, Банктің және/немесе Alatau City Тобы компанияларының мүдделерін қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау мақсаттары үшін: Субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні және ЖСН; Субъектінің жеке басын куәландыратын құжаттардың электрондық/сканерленген көшірмелері (және/немесе осындай құжаттардың деректемелері); Субъектінің резиденттігі туралы ақпарат; Субъектінің тұрғылықты жері (тұрақты және уақытша тіркелуі, нақты тұрғылықты мекенжайы) туралы деректер; іскерлік қатынастарды орнату мақсаты, сондай-ақ Келісімде және/немесе тиісті шарттарда көрсетілген өзге де деректер туралы;

/ для целей заключения и исполнения договоров оказания услуг Банком и/или компаниями Группы Alatau City, защиты интересов Банка и/или компаний Группы Alatau City, а также исполнения требований законодательства Республики Казахстан: фамилия, имя, отчество (при наличии), дата рождения и ИИН Субъекта; электронные/ сканированные копии документов, удостоверяющих личность Субъекта (и/или реквизиты таких документов); информация о резидентстве Субъекта; данные о месте жительства (постоянной и временной регистрации, фактическом адресе проживания) Субъекта; о цели установления деловых отношений, а также иных данных, указанных в Согласии и/или соответствующих договорах;

2) субъектінің сәйкестендіру/ аутентификациялау/авторизациялау, оның ішінде онлайн-платформаларды, мобильді қосымшаларды және басқаларды (бұдан әрі – Жүйелер) қоса алғанда, Банктің және/немесе Alatau City тобының компанияларының қашықтан қол жеткізу жүйелерінде және/немесе өзге де электрондық ресурстарында сәйкестендіру/ аутентификациялау/авторизациялау және қызметкер көрсету/дін/сервистерді ұсынудың үздіксіздігін қамтамасыз ету (әртүрлі қызметтер/ ресурстар/жүйелер арасында ауысқан кезде пайдаланушы сенсисысын жалғастыруды қоса алғанда), сондай-ақ ақпарат алмасу және байланыста болу мақсатында: биометриялық деректер (дактилоскопиялық деректерді қоса алғанда); фото - және бейнежазба; дауыстың цифрлық көшірмелері және сөйлеулердің жазбалары; клиенттің логині / идентификаторы/коды; тіркесу куәлігінің деректері және электрондық-цифрлық қолтаңбаның ашық кілттері; жүйелерге кіру жүзеге асырылатын субъектінің құрылғылары туралы деректер (компьютерлердің, планшеттердің, смартфондардың және өзге де құрылғылардың атаулары/сәйкестендіргіштері, IP-мекенжайлары және өзгелері) сондай-ақ Келісімнің өзге де тармақтарында көрсетілгендерді қоса алғанда, клиенттік профильдегі (сауалнама деректері) өзге де деректер /для целей идентификации/ аутентификации/авторизации Субъекта, в том числе в системах удаленного доступа и/или иных электронных ресурсах Банка и/или компаний Группы Alatau City, включая онлайн-платформы, мобильные приложения и другие (далее – Системы), и обеспечения непрерывности оказания услуг/предоставления сервисов (включая продолжение пользовательской сессии при переходе между различными сервисами/ ресурсами/Системами), а также обмена информацией и поддержания связи: биометрические данные (включая дактилоскопические данные); фото- и видеозапись; цифровые слепки голоса и записи разговоров; логин/идентификатор/код Клиента; данные регистрационного свидетельства и открытые ключи электронной-цифровой подписи; данные об устройствах Субъекта, посредством которых осуществляется доступ к Системам (имена/ идентификаторы компьютеров, планшетов, смартфонов и прочих устройств, IP-адреса и прочее), номера мобильных телефонов, адреса электронной почты, а также прочих данных клиентского профиля (анкетных данных), включая указанные в иных пунктах Согласия;

3) субъектінің кредит қабілеттілігін, төлем қабілеттілігін және сенімділігін бағалау мақсаттары үшін: Субъектінің кредиттік тарихы; кірістер, сондай-ақ зейнетақы, салық және өзге де аударымдар туралы мәліметтер; субъектінің меншігіндегі және/немесе субъектінің өзіне қатысты өзге де мүліктік құқықтары (занды талаптары), құны Банктің болуы, сипаттамалары, құны (Бағалау туралы есептердің деректерін қоса алғанда) және орналасқан жері туралы мәліметтер, сондай-ақ субъектінің оның ауыртпалығы туралы; екінші деңгейдегі басқа банктармен және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шоттарының болуы және нөмірлері туралы, сондай-ақ субъектіге тиесілі бағалы қағаздарды және/немесе өзге де қаржы құралдарын есепке алу үшін ашылған дербес шоттар туралы мәліметтер; білімі және еңбек қызметі туралы деректер; кәсіпкерлік қолтаңбаның ашық кілттері; жүйелерге кіру жүзеге асырылатын адамдардың болуын қоса алғанда, отбасы жағдайы туралы деректер; субъект қатысушы болып саналатын мүліктік және мүліктік емес сипаттағы залалдарды/шығындарды/келтірілген зиянды өндіріп алу туралы сотталуының, сот істерінің және өзге де істердің болуы туралы ақпарат, субъектінің әкімшілік, қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы деректер; денсаулық жағдайы туралы деректер, атап айтқанда психикалық аурулардың, сондай-ақ химиялық және өзге де тәуелділіктердің, оның ішінде нашакорлықтың, ұйтқұмарлықтың, лудоманияның және т. б. болуы туралы ақпарат; ашық және өзге де көздерден ақпаратты жинауды және өңдеуді, оның ішінде субъектінің дербес және өзге де деректерді жинауға және өңдеуге бұрын үшінші тұлғаларға берген келісімдері негізінде (бұдан әрі – Агрегаторлар) жүзеге асыратын заңды тұлғалардың әртүрлі мемлекеттік деректер базаларында (бұдан әрі – МДК) және/немесе мемлекеттік емес деректер базаларында сақталатын субъект туралы кез келген мәліметтер, сондай-ақ келісімде көрсетілген өзге де деректер/для целей оценки кредитоспособности, платежеспособности и благонадежности Субъекта:

кредитная история Субъекта; сведения о доходах, а также пенсионных, налоговых и иных отчислениях; сведения о наличии, характеристиках, стоимости (включая данные отчетов об оценке) и месте нахождения имущества, находящегося в собственности Субъекта и/или в отношении которого у Субъекта имеются иные имущественные права (юридические притязания), а также сведения о его обременении; сведения о наличии и номерах банковских счетов, открытых в других банках второго уровня и/или организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, а также о лицевых счетах, открытых для учета ценных бумаг и/или иных финансовых инструментов, принадлежащих Субъекту; данные об образовании и трудовой деятельности; данные о семейном положении, включая наличие несовершеннолетних детей и/или иных иждивенцев; информация о наличии судимости, судебных дел о взыскании убытков/ущерба/причиненного вреда и иных дел имущественного и неимущественного характера, участником которых является Субъект, данные о привлечении к административной, уголовной ответственности Субъекта; данные о состоянии здоровья, в частности информация о наличии психических заболеваний, а также химических и иных зависимостей, в том числе наркомании, токсикомании, лудомании и т.д.; любые сведения о Субъекте, хранящиеся в различных государственных базах данных (далее – ГБД) и/или негосударственных базах данных юридических лиц, осуществляющих сбор и обработку информации из открытых и иных источников, в том числе на основании ранее предоставленных третьим лицам согласий Субъекта на сбор и обработку персональных и иных данных (далее – Агрегаторы), а также прочих данных, указанных в Согласии;

4) көрсетілген қызметтердің/ұсынылатын сервистердің сапасын арттыру және кастомизациялау/дербестендіру, оның ішінде Клиенттерге/Балаларға қатысты алаяқтық іс-әрекеттердің алдын алу және Банктің және/немесе Alatau City тобының компанияларының және/немесе үшінші тұлғалардың (мемлекеттік/әріптестік қызметтер/сервистер) жаңа қызметтерін/сервистерін ұсыну мақсатында: Банк пен Alatau City тобының компаниялары, сондай-ақ олардың серіктестері*** көрсеткен қызметтердің тарихы; ақылы қызметтердің/тауарлардың/жұмыстардың тарихы; мінез-құлық паттерндері; айналадағы объектілер (мысалы, Wi-Fi кіру нүктелері, ұялы байланыс антенналары және Bluetooth модулі қосылған құрылғылар) туралы мәліметтерді қоса алғанда, метадеректер, cookie деректері, cookie идентификаторлары, пиксель теттері, IP мекенжайлары, браузер және операциялық жүйе туралы мәліметтер, іздеу тарихы деректері, телеметрия, геопозиция, контактілер тізімі және мобильді құрылғыда сақталатын басқа да деректер (Жүйелерді пайдаланған кезде), Клиенттің/Балалардың кіріс/шығыс қоныраулары туралы деректер және Келісімде және/немесе тиісті шарттарда көрсетілген деректерді қоса алғанда, сондай-ақ Банктің, Alatau City Тобы компанияларының және/немесе Агрегаторлар мен әріптестерді қоса алғанда, үшінші тұлғалардың меншікті талдауының нәтижелері ретінде алынған өзге де деректер.

/ для целей повышения качества и кастомизации/персонализации оказываемых услуг/предоставляемых сервисов, в том числе предотвращения мошеннических действий в отношении Клиента/Детей и предложения новых услуг/сервисов Банка и/или компаний Группы Alatau City (государственных/партнерских услуг/сервисов): история оказанных Банком и компаниями Группы Alatau City, а также их партнерами*** услуг; история оплаченных услуг/товаров/работ; поведенческие паттерны; данные об используемом устройстве и с датчиков на устройстве, включая сведения об объектах вокруг (например, точка доступа Wi-Fi, антенна сотовой связи и устройствах с включенным модулем Bluetooth); метаданные, данные cookie-файлов, cookie-идентификаторы, теги пикселей, IP-адреса, сведения о браузере и операционной системе, данные истории поиска, телеметрия, геопозиция, список контактов и иные данные, хранящиеся в мобильном устройстве (при использовании Систем), данные о входящих/исходящих звонках Клиента/Детей, и прочих данных, включая данные, указанные в Согласии и/или соответствующих договорах, а также полученные как результаты собственной аналитики Банка, компаний Группы Alatau City и/или третьих лиц, включая Агрегаторов и партнеров.

Субъект осы келісім шеңберінде жоғарыда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының (және/немесе олардың лауазымды адамдарының) заңды талаптарын орындау үшін Банк және Alatau City тобының компаниялары Мәліметтерді өңдеу кезінде кез келген қолжетімді технологияларды пайдалануға, субъектінің дербес деректерін қоса алғанда (оның ішінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етпейтін шет мемлекеттердің аумағына) мәліметтерді трансшекаралық беруді (шет мемлекеттердің аумағына беруді)

жүзеге асыруға, сондай-ақ, үшінші тұлғалармен, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, Alatau City тобының компанияларымен; серіктестермен, егер соңғысы субъектіге қызмет көрсетсе (жұмыстарды орындау/тауарларды сатса) және/немесе Субъект оларды алуға қызығушылық білдірсе; МДБ меншік иелері/операторларымен; агрегаторлармен; дербес деректерге қол жеткізуді бақылаудың мемлекеттік және мемлекеттік емес сервистерімен; кредиттік бюролармен; жеке тұлғаларды сәйкестендіру қызметтерін және/немесе процессингтік қызметтерді көрсететін заңды тұлғалармен; ұялы байланыс операторларымен (қуәландырушы орталықтармен; корреспондент-банктермен; халықаралық және жергілікті төлем жүйелерімен; серіктестерге қызметтер көрсететін төлем ұйымдарымен; Банкке/Alatau City тобының компанияларына, Банктің/Alatau City тобының акционерлеріне қызметтер көрсететін және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына және/немесе Банкке/Alatau City тобының компанияларымен, Банктің/Alatau City тобының акционерлерімен жасалған шарттарда қарастырылған ковенанттарға сәйкес Банк/Alatau City тобының компанияларының қызметіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдармен, консалтингтік компаниялармен; курьерлік қызметтер және жеткізу қызметтерімен мәліметтер алмасуға (мәліметтерді, оның ішінде келісім шарттарына сай одан әрі өңдей отырып, жаңа ақпаратты беру және алуға) құқылы екендігімен келіседі және растайды //Субъект согласен и подтверждает, что в рамках настоящего согласия для достижения вышеуказанных целей, а также исполнения требований законодательства Республики Казахстан и/или правомочных требований государственных органов Республики Казахстан (и/или их должностных лиц) Банк и компании Группы Alatau City вправе при обработке Сведений использовать любые доступные технологии, осуществлять трансграничную передачу (передачу на территорию иностранных государств) Сведений, включая персональные данные Субъекта (в том числе на территорию иностранных государств, не обеспечивающих защиту персональных данных), а также обмен Сведениями (передавать и получать Сведения, в том числе новую информацию с дальнейшей обработкой на условиях Согласия) с третьими лицами, включая, но не ограничиваясь: компаниями Группы Alatau City;

партнерами, если последние оказывают услуги (выполняют работы/продают товары) Субъекту и/или Субъект выразил заинтересованность в их получении; собственниками/операторами ГБД; Агрегаторами; государственными и негосударственными сервисами контроля доступа к персональным данным; кредитными бюро; юридическими лицами, оказывающими услуги идентификации физических лиц и/или процессинговые услуги; удостоверяющими центрами; операторами сотовой связи (банками-корреспондентами; международными и локальными платежными системами; платежными организациями, оказывающими услуги партнерам; аудиторскими организациями, оказывающими услуги Банку/компаниям Группы Alatau City, акционерам Банка/компаний Группы Alatau City и/или осуществляющими аудит деятельности Банка/компаний Группы Alatau City в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан/или ковенантами, предусмотренными в заключенных Банком/компаниями Группы Alatau City и/или акционерами Банка/компаний Группы Alatau City договорах; консалтинговыми компаниями; курьерскими службами и сервисами доставки.

Банк пен Alatau City тобының компаниялары Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгендерді қоспағанда, Мәліметтерді жалпыға қолжетімді ақпарат көздерінде таратпайды /Банк и компания Группы Alatau City не распространяют Сведения в общедоступных источниках информации, за исключениями предусмотренными законодательством Республики Казахстан. Келісім Банкпен және/немесе Alatau City тобының компанияларымен кез келген қатынастардың, оның ішінде шарттық қатынастардың қолданылу мерзімі ішінде және/немесе орындалмаған міндеттемелер болған жағдайда, сондай-ақ Банк және/немесе Alatau City тобының компаниялары мәліметтерді (сақтауды және ұсынды қоса алғанда) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Банктің және/немесе Alatau City тобының компанияларының ішкі құжаттарының талаптарына және/немесе Банктің және / немесе Alatau City тобының компанияларының шарттық міндеттемелеріне сәйкес оңдеуге міндетті болатын (сақтау және ұсынды қоса алғанда) кезең ішінде әрекет етеді және кері қайтарып алынбайды./ Согласно действует и не может быть отозвано Субъектом в течение срока действия любых отношений с Банком и/или компаниями Группы Alatau City, в том числе договорных, и/или при наличии неисполненных обязательств, а также срока, в течение которого Банк и/или компания Группы Alatau City обязаны обрабатывать Сведения (включая хранение и предоставление) согласно требованиям законодательства Республики Казахстан, внутренних документов Банка и/или компаний Группы Alatau City и/или договорным обязательствам Банка и/или компаний Группы Alatau City.

Осы Келісім өзін-өзі жұмыспен қамтыған жеке тұлға үшін Клиент (өз бетінше не өкілі арқылы) қол қойған Өтініштің ажырамас бөлігі болып табылады. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғаларға банктік қызмет көрсету шартына күмән мен келіспеушіліктерді болдырмау үшін Өзін-өзі жұмыспен қамтыған жеке тұлға үшін өтініш және Келісім бірыңғай құжат құрайды./ Настоящее Соглашение является неотъемлемой частью Заявления для физического лица-самозанятого, подписанного Клиентом (самостоятельно либо через представителя). Во избежание сомнений и разногласий – Договора банковского обслуживания физических лиц, осуществляющих деятельность в рамках специального налогового режима для самозанятых Заявление для физического лица-самозанятого и Соглашение составляют единый документ.

* Alatau City тобы мынадай компаниялар құрайды: "Alatau City Garant" СК" АҚ (БСН 080740012607), "Alatau City Invest" А Қ (БСН 041240002875), және Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын, Банктің корпоративтік сайтында (www.alataucitybank.kz) көрсетілген ақпаратқа сәйкес өзге де компаниялар / Группы Alatau City составляют следующие компании: АО «СК «Alatau City Garant» (БИН 080740012607), АО «Alatau City Invest» (БИН 041240002875), и иные компании согласно информации, указанной на корпоративном сайте Банка (www.alataucitybank.kz), которая признается неотъемлемой частью Соглашения

** Клиент өкілінің деректерін Банк Клиентке қызмет көрсету үшін қажет және жеткілікті көлемде жинайды /Данные представителя Клиента собираются Банком в объеме, необходимом и достаточном для оказания услуг Клиенту

*** Банктен және/немесе Alatau City тобының компаниясымен шарттар, келісімдер жасасқан контрагенттер, оның ішінде Жүйелерде тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді жеткізуі ретінде тіркелген контрагенттер серіктестер болып табылады. Партнерами являются контрагенты, заключившие с Банком и/или компанией Группы Alatau City договоры, соглашения, в том числе контрагенты, зарегистрированные в Системах как поставщик товаров/работ/услуг

(қолы/ОТП-пароль /подпись/ОТП-пароль)	(жеке тұлғаның ТАӘ)/(жеке тұлғаның-сенімді өкілдің ТАӘ) (Ф.И.О физического лица)/(Ф.И.О физического лица-поверенного)	(толтырылған күні /дата заполнения)
---------------------------------------	--	-------------------------------------

БАНК ТАРАПЫНАН БЕЛГІЛЕР//ОТМЕТКИ СО СТОРОНЫ БАНКА:

"Alatau City Bank" АҚ, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242-үй, индекс – А26F8Т9, БСН 920140000084, "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" РММ-дегі ЖСК КZ48125KZT1001300336, БСК TSESKZKA, Бек-14. Операциялы қ басқарма / "Alatau City Bank" АҚ филиалының № _____ қосымша қызмет жайы , мекенжайы:
 АО «Alatau City Bank», Республика Казахстан, г. Алматы, Медеуский район, пр. Нұрсұлтана Назарбаева, дом 242, индекс – А26F8Т9, БИН 920140000084, ИИК КZ48125KZT1001300336 в РГУ "Национальный Банк Республики Казахстан", БИК TSESKZKA, Кбе – 14. Операционное управление / Дополнительное помещение № _____ филиала АО «Alatau City Bank», с адресом: _____
 Орындаған: /Исполнитель: _____

(Банк қызметкерінің ТАӘ /Ф.И.О. работника Банка)	(қызметі/должность)	(қолы/подпись)
--	---------------------	----------------

Тексеру жүргізілген күн://Дата осуществления проверки: _____

Жеке тұлғаға банктік қызмет көрсетудің кешенді шартының №2 қосымшасы
(клиентті қашықтан қызмет көрсету арналары арқылы тіркеген кезде пайдаланылады)

«Alatau City Bank» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ТӨЛЕМ КАРТОЧКАСЫН ЦИФРЛАУ ЖӘНЕ ТОКЕНДІ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП БАЙЛАНЫССЫЗ ТӨЛЕУ ТУРАЛЫ ШАРТТАР

Осы «Alatau City Bank» акционерлік қоғамының төлем карточкасын цифрлау және токенді пайдалана отырып байланыссыз төлеу жөніндегі шарттар (бұдан әрі – Шарттар) жеке тұлғаға қызмет көрсетудің кешенді шартының (бұдан әрі – Шарт) ажырамас бөлігі болып табылады.

Шарттар Банктің төлем карточкасын (карточкаларды) цифрлау жөнінде қызмет көрсету ерекшеліктері мен тәртібін айқындайды, сондай-ақ Банктің құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және Банк пен Клиент арасындағы құқықтық қатынастардың өзге де ерекшеліктерін белгілейді.

Шарттарда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар Шартта көрсетілген мәнге ие.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Клиенттің Шарттарға қосылуы келесі әрекеттерді орындау кезінде жүзеге асырылады: акцепт деп танылатын (Клиенттің Шарттардың барлық ережелерін толық және сөзсіз қабылдауы) ССЖК енгізе отырып, төлемдік мобильдік сервистегі «қабылдаймын» батырмасын басу арқылы шарттарға қосылу туралы келісімді растауы. Токенизация мобильдік құрылғыда орнатылған төлемдік мобильдік сервистің көмегімен жүзеге асырылады.

Бұл ретте Клиенттің шарттарға қосылуын тіркеуді Банк Банктің аппараттық-бағдарламалық кешені арқылы электрондық түрде жүзеге асырады.

Банктің аппараттық-бағдарламалық кешенінен алынған ақпарат дауларды қарау кезінде, оның ішінде сот тәртібімен дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

1.2. Шарттар Банктің Клиентке төлем карточкасын Токенизациялау арқылы цифрлау бойынша қызмет көрсету тәртібін, сондай-ақ Клиенттің операциялар жүргізу үшін Токен пайдалану тәртібін белгілейді.

1.3. Төлем карточкасын Токенизациялау арқылы цифрлау үшін Банк Клиенттен комиссиялық сыйақы алмайды.

2. ТӨЛЕМ КАРТОЧКАСЫНЫҢ ТОКЕНІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ТОКЕНИЗАЦИЯЛАУ

2.1. Токенді пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыру үшін төлем карточкасын төлемдік мобильдік сервистің көмегімен Токенизациялау арқылы цифрлау қажет. Төлем карточкасын Токенизациялау арқылы оны цифрлай отырып, Клиент Банкке Токенді пайдалана отырып операциялар жүргізуге өз келісімін береді.

2.2. Сәтті токенизация фактісі бойынша, Токен ХТЖ қорғалған бұлт қоймасында, сондай-ақ төлемдік мобильді сервистің арнайы қорғалған аймағында шифрланған түрде қалыптасады және сақталады.

Токенизация Клиентті тексергеннен кейін және Клиент келесі барлық шарттарды сақтаған жағдайда Банк Клиенттің Токенизациясына келісім алғаннан кейін жүзеге асырылады: мобильді құрылғыны Интернет желісіне кемінде 1 мб/сек жылдамдықпен тұрақты қосу, мобильді құрылғыдағы батарея заряды 20%-дан (жиырма пайыз) асады, Токенизация процесіне араласудың болмауы (төлемдік мобильді сервисті жабу, мобильді құрылғы экранынан жасыру (бұрышқа ықшамдап жасыру) және т.б.).

2.3. Токенді пайдалану кезінде төлем карточкасына қызмет көрсетудің барлық шарттары: Тарифтер, белгіленген лимиттер мен шектеулер, көтермелеу бағдарламаларына (акцияларға) қатысу, операциялар бойынша хабарлау – өзгермейді.

2.4. Клиент мобильді құрылғыдан Токенді Банктің келісімінсіз өз бетінше жоюға құқылы. Токенді мобильді құрылғыдан алып тастау Банктің Токенді қолдана отырып операцияларды тоқтатуына әкеледі.

2.5. Токен көмегімен жасалатын операциялар (төлемдер) мобильді құрылғыны POS-терминалға жеткізу арқылы жүзеге асырылады.

2.6. Операция жасау үшін Клиент операция жасалатын төлем карточкасының тиісті Токенін таңдайды.

3. ТОКЕНДІ ОҚШАУЛАУ

3.1. Токенді оқшаулау немесе оны мобильдік құрылғының жадынан алып тастау тиісті Токен қалыптастырылған төлем карточкасының қолданысын тоқтатпайды және оны пайдалануға техникалық шектеулер қоймайды (төлем карточкасын оқшауламайды).

3.2. Төлем карточкасы оқшауланған сәттен бастап, рұқсат етілмеген операцияларды жасауға жол бермеу мақсатында мобильді құрылғыда осы төлем карточкасы үшін Токен оқшауланады.

3.3. Мобильді құрылғы жоғалған жағдайда, Клиент жоғалған мобильді құрылғыдағы токенді оқшаулау мақсатында байланыс арналары арқылы Банкке немесе Банк бөлімшесіне жүгінуі қажет. Бұл жағдайда Банк тек Токенді оқшаулайды, төлем картасы оқшауланбайды.

3.4. Егер клиенттің токен бұғаттау туралы тиісті түрде тіркелген талабы болмаса, Токен Клиенттің иелігінде және пайдалануында деп танылады, ал Клиенттің Токенді оқшаулау туралы хабарламасы күшіне енгенге дейін Токенмен жасалатын операцияларға Клиент тиісті түрде рұқсат еткен деп танылады.

3.5. Байланыс арналары бойынша қабылданған Клиенттің токен оқшаулау туралы нұсқаулары Клиенттің жеке басын анықтаған жағдайда Клиенттің қолымен расталған қағаз тасығышта Банк алған Клиенттің жазбаша нұсқауларына тең мәнді деп танылатынына Тараптар келіседі.

Токенді оқшаулау Банк Клиенттен Токенді оқшаулау туралы хабарлама алғаннан кейін жүзеге асырылады:

3.5.1. байланыс арналары арқылы жүгінген кезде – жүгінген кезден бастап 5 (бес) сағаттан кешіктірмей;

3.5.2. Банк бөлімшесіне жазбаша өтінішпен жүгінген кезде – жүгінген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей;

Банктің Токенді оқшаулау туралы Клиенттің нұсқауын орындамауы не уақтылы орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан рұқсат етілмеген операция(лар) туындаған кезде Клиентке залал келтірілген жағдайда, Банк Клиентке келтірілген залалды рұқсат етілмеген операция(-лар) мөлшерінде өтеуге міндеттенеді.

3.6. Клиент төлем карточкасын оқшаулау және (немесе) шоттағы ақшаға тыйым салу және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру Токенді пайдалана отырып операциялар жүргізудің мүмкін болмауына әкеп соғатындығымен келіседі.

4. ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.1. Клиент Токенді қолдана отырып рұқсат етілмеген операцияларды болдырмау үшін келесі қауіпсіздік талаптарын орындауға міндетті:

4.1.1. Мобильді құрылғыны қараусыз қалдырмауға;

4.1.2. құпия сөздерді және мобильді құрылғыны оқшаулаудың/оқшаулаудан шығарудың басқа әдістерін қолдана отырып, мобильді құрылғыда қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз етуге;

- 4.1.3. Мобильді құрылғыда саусақ іздері немесе бетті тануды қоса алғанда, басқа адамды аутентификациялаудың басқа тәсілдері тіркелмегеніне көз жеткізуге;
- 4.1.4. мобильді құрылғының паролін үшінші тұлғаларға жарияламауға;
- 4.1.5. егер оны пайдалану тоқтатылса, Мобильді құрылғыдан барлық жеке деректер мен қаржылық ақпаратты жоюға;
- 4.1.6. Токеннің кез келген рұқсатсыз пайдаланылуына күдік туындаған жағдайда, сондай-ақ мобильді құрылғы бұзылған, жоғалған немесе ұрланған болса, төлем карточкасының сыртқы жағында көзделген телефон нөмірі бойынша не Банктің Интернет-ресурста көрсетілген телефон нөмірі бойынша Банкке дереу жүгінуге;
- 4.1.7. Токенді қорғау үшін Мобильді құрылғыда қарастырылған кез келген қауіпсіздік функцияларын оқшауламауға;
- 4.1.8. Мобильді құрылғыны пайдалану үшін күрделі құпия сөзді құрастыру және тек биометриялық деректерді (саусақ іздері, бетті тану және т. б.) сақтауға;
- 4.1.9. Мобильді құрылғыны үшінші тұлғаларға беру кезінде Мобильді құрылғыдан барлық жеке деректер мен қаржылық ақпаратты жоюға;
- 4.1.10. Мобильді құрылғыны құрылғының операциялық жүйесінің артықшылықтарын арттыру/бұзу операцияларына ұшыратпауға (jail break, rooting және басқалар);
- 4.1.11. ортақ қолжетімділіктің сымсыз желілеріне қосылған кезде Төлемдік мобильді сервисті пайдаланбауға;
- 4.1.12. үшінші тұлға(-лар)ға тиесілі мобильдік құрылғы(-лар)да Төлемдік мобильді сервиске верификация жүргізбеуге.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Банк міндеттенеді:

- 5.1.1. Шарт талаптарына, ХТЖ ережелеріне сәйкес Шот бойынша операция жүргізу бойынша Токен көмегімен алынған Клиенттің нұсқауларын орындауға;
- 5.1.2. Клиентті алдын-ала сәтті тексерусіз Токенді қолдана отырып нұсқауларды қабылдауға жол бермеу үшін барлық мүмкін шараларды қолдануға (қажет болған жағдайда оны Банктің шешімі бойынша жасауға);
- 5.1.3. Шарттарда қарастырылған мерзімде мобильді құрылғыдағы Токенді бұғаттау;
- 5.1.4. Төлем карточкасын цифрлау мәселелері бойынша Клиентке кеңес беруге;
- 5.1.5 Токен көмегімен жасалған операциялар туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;
- 5.1.6. Клиенттің талабы бойынша Шарт талаптарына сәйкес шот бойынша үзінді көшірме беру арқылы Токенді пайдалана отырып жүргізілген операциялар туралы ақпарат беруге.

5.2. Банк құқылы:

- 5.2.1. Мынадай жағдайларда Клиенттің Токен көмегімен жасалатын Шот бойынша операцияны жүргізу туралы нұсқауларын орындамауға:
- 1) егер Клиенттің верификациясы сәтті болмаса;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта, Клиентпен жасалған өзге келісімдерде көзделген Шот бойынша операцияларды жүргізуге кедергі келтіретін негіздердің болуы;
- 5.2.2. егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, көрсетілген ақпаратты интернет-ресурста орналастыру арқылы осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы Клиентті олар күшіне енгенге дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар ете отырып, Шарттарды өзгертуге және (немесе) толықтыруға. Шарттарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар күшіне енгеннен кейін Токенді пайдалану Клиенттің осындай өзгерістермен және (немесе) толықтырулармен келісетіндігінің айқын және даусыз дәлелі болып табылады. Енгізілген өзгерістермен және (немесе) Шарттардағы толықтырулармен келіспеген жағдайда, Клиент мобильді

құрылғыдан Токенді алып тастау немесе Токенді оқшаулау арқылы Токенді пайдалануды тоқтатуға міндетті;

5.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Клиентке қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында Банкке жүктелген бақылау және өзге де функцияларды жүзеге асыруға, осыған байланысты Клиенттен кез келген қажетті құжаттарды және (немесе) Токенді пайдалана отырып жасалатын немесе жасалған операциялардың сипаты мен экономикалық мәніне қатысты жазбаша түсіндірмелерді сұратуға;

5.2.4. Токенді пайдалануды шектеуге, тоқтата тұруға, Токенді кез келген уақытта ескертусіз және кез келген себеппен, оның ішінде егер Клиент Шарттардың ережелерін сақтамаса, оқшаулауды жүзеге асыруға;

5.2.5. Клиент Клиенттің Верификациясынан өтпеген жағдайда және (немесе) төлем карточкасы оқшауланған болса, Клиентке төлем карточкасын цифрлаудан бас тартуға.

5.3. Клиент міндеттенеді:

5.3.1. Шарттардың ережелерін сақтауға;

5.3.2. үшінші тұлғалардың қолжетімдігін болдырмайтын тәсілмен Мобильді құрылғының, парольдің, SIM картаның, логин мен парольдің құпиялылығын, сондай-ақ Төлемдік мобильді сервистің есептік жазбаның құпия сөзін сақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ мобильді құрылғыны, парольді, SIM картаны бөгде адамдар пайдалана алады деген күдік туралы Банкке дереу хабарлауға.

5.3.3. Токенді пайдалана отырып, Шот бойынша рұқсат етілмеген операциялар жүргізіліп жатқан тексеруде Банкке көмек көрсетуге және Банкке келесі құжаттарды ұсынуға:

1) Банк белгілеген нысан бойынша не Банктің қалауы бойынша Клиентке Токен пайдаланылатын шот бойынша рұқсат етілмеген операция туралы белгілі болған күні мен уақыты көрсетілген және осы операцияның толық сипаттамасы бар еркін нысандағы өтініш;

2) Клиенттің рұқсат етілмеген операция жасауға қатыспайтындығын растау (бар болса), мысалы: құқық қорғау органдарының тергеу материалдары, егер рұқсат етілмеген операция жасау фактісі бойынша құзыретті органдар қылмыстық іс қозғаса және т. б.;

3) даулы жағдайға қатысы бар немесе рұқсат етілмеген операциялар туралы өтініштерді қарау шеңберінде Банк ақылға қонымды талап етуі мүмкін өзге құжаттар мен ақпарат;

5.3.4. Интернет-ресурстағы шарттарға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратпен дербес танысуға;

5.3.5. жасалатын операцияның мөлшері үшін шотта жеткілікті соманың (ағымдағы қалдықтың) болуын бақылауға, Банктің кредиттік лимит беру жағдайларын қоспағанда, осы қалдықтың шегінде ғана Токенді пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыру, бұл жеке қаржыландыру шартымен реттеледі. Банкке нұсқаулар берген кезде тарифтерге сәйкес төленуге тиісті осы операция үшін комиссияны ескере отырып, операцияларды жасау үшін Шотта жеткілікті соманың болуын бақылауға (бар болса);

5.3.6. 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде Банкке Клиенттің ұялы телефонының нөмірі өзгергені, мобильді байланыс операторының Клиенттің мобильді телефон нөміріне қызмет көрсетуді тоқтатқаны туралы хабарлауға. Көрсетілген ақпаратты алған Банк Клиенттің Банк бөлімшесіне жүгінуі арқылы мобильді телефон нөмірінің тиесілігі расталған сәтке дейін Токендерді пайдалана отырып операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға құқылы;

5.3.7. Шарттардың 4-бөлімінде жазылған қауіпсіздікке қойылатын талаптарды орындауға.

5.4. Клиент құқылы:

5.4.1. Төлем карточкасын цифрлау, Токен пайдалану бойынша кеңес алу үшін Банкке жүгінуге;

5.4.2. Банкке жеке немесе байланыс арналары арқылы хабарласу арқылы Токенді оқшаулауға;

5.4.3. Банкке өтініштермен, оның ішінде Токенді пайдалана отырып жасалған операцияларға байланысты даулар туындаған кезде жүгінуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімдерде өтініштерді қарау нәтижелері туралы, оның ішінде жазбаша нысанда ақпарат алуға.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Клиент мыналар үшін жауапты болады:

- 1) Парольдің және басқа да верификация құралдарының құпиялылығын сақтауға;
- 2) үшінші тұлғалардың Төлемдік мобильді сервиске кіруі үшін мобильді құрылғыны, логинді, парольді және басқа да верификация құралдарын пайдалануға;
- 3) Токен Шарттың ережелеріне сәйкес оқшауланбаған жағдайда, Токен көмегімен жасалған операцияларға;
- 4) Шарттың 4-бөлімінде көрсетілген қауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде Клиент құрылғының операциялық жүйесінің артықшылықтарын арттыру/бұзу операцияларына (jail break, rooting және басқалары) ұшыраған мобильді құрылғыны пайдаланған жағдайлар үшін.

6.2. Банк Банк қызметіне байланысты бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

Кез келген жағдайда, Шарттың талаптарын бұзған кездегі Банктің жауапкершілігі Банктің заңсыз әрекеттерімен/әрекетсіздігімен Клиентке келтірілген нақты залал мөлшерімен шектеледі. Нақты залалды өтеу мақсатында Клиент Банкке растайтын құжаттарды қоса бере отырып және нақты залал сомасын көрсете отырып, жазбаша өтініш беруі қажет. Көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін Банк Клиенттің өтініші бойынша шешім қабылдайды.

6.3. Банк мыналар үшін жауапты болмайды:

- 1) Төлемдік мобильді сервистің жұмысына, оның жұмыс істеуі және мобильді құрылғыда орнатылған басқа қосымшалармен өзара байланысына немесе Клиент үшін Токен арқылы төлемдер жасауды қоса алғанда, қандай да бір операцияларды жасау үшін төлем мобильдік сервисін пайдалану мүмкіндігінің болмауы үшін;
- 2) Токенді пайдалана отырып операциялар жасау мүмкіндігінің жоқтығы үшін;
- 3) Төлем карточкасын және (немесе) Токенді пайдалануды кез келген оқшаулау, тоқтата тұру, күшін жою немесе тоқтату үшін;
- 4) Мобильді құрылғының жоғалуына, ұрлануына немесе бүлінуіне байланысты Клиент шеккен шығындар немесе шығындар үшін;
- 5) Төлемдік мобильді сервисті пайдалануға байланысты провайдерлер немесе басқа үшінші тұлғалар ұсынған немесе сақтаған ақпараттың қауіпсіздігі үшін (Банк провайдер болып табылатын жағдайларды қоспағанда);
- 6) Провайдерлердің жиналған, сақталған немесе жіберілген кез келген ақпаратқа әсер ететін қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін.

6.4. Клиент төлем мобильді сервисінің жұмыс істеуі үшін Провайдердің жауапты екендігімен келіседі.

7. БАСҚА ШАРТТАР

7.1. Шарттар төлем карточкасының күшін жойған күнге дейін немесе Шарттың қолданылуы тоқтатылған күнге дейін немесе Токен жойылған күнге дейін (қандай оқиғаның ерте басталатынына байланысты) қолданылады.

7.2. Шарттың талаптарын қабылдай отырып, Клиент төмендегіні түсінеді және келіседі:

- 1) Төлемдік мобильді сервистің жұмыс қабілеттілігі (оның ішінде Токен арқылы операциялар жасау кезінде) Провайдерге байланысты;

2) Токен арқылы қол жеткізу, пайдалану және операцияларды орындау мүмкіндігі тек мобильді құрылғыда орнатылған Төлемдік мобильді сервистің жұмысына, мобильді құрылғыда және/немесе мобильді құрылғыда орнатылған төлем мобильді қызметі пайдаланатын желілер мен сымсыз күйге байланысты болады;

3) Банк сымсыз байланыс желілеріне қызмет көрсетуді, сымсыз қосылымды өшіру/үзу жүйесін бақыламайды және әсер етпейді;

4) Банк бақылауына кірмейтін бөгде қосулар арқылы деректерді электрондық беруге байланысты деректерді берудің құпиялылығы мен қауіпсіздігіне кепілдік бермейді. Деректерді берудің құпиялылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету Банктің ішкі құжатының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады, олармен интернет-ресурста танысуға болады;

5) Банк мобильді құрылғының операциялық жүйесін қолдауға жауапты емес.

"Family card" өнімі шеңберінде операциялар жүргізуге тыйым салынған төлем түрлері:

Атауы	МСС*
Айыппұлдар	9222
Алимент пен балаларды қолдауды қоса алғанда, сот төлемдері	9211
Жылжымайтын мүлік агенттері мен менеджерлері - Жалдау	6513
Адвокаттар, заң қызметтері	8111
Бағалы қағаздар нарығындағы брокерлердің қызметтері	6211
Ломбардтар	5933
Діни тауарлар дүкендері	5973
Темекі дүкендері	5993
Квази-Кэш - Қаржылық емес мекемелер	6051
Салық төлемдері	9311
Құмар ойындар	7995
Азаматтық, әлеуметтік және бауырластық бірлестіктер	8641
Автокөлік жалдау агенттіктері - басқа жерде жіктелмеген	7512
Қайырымдылық және әлеуметтік қызметтер - қаражат жинау	8398
Алкоголь сататын дүкендер	5921
Салықтық дайындық қызметі	7276
Салықтар мен облигациялар бойынша төлемдер	9223
Темір жолдар - жүктерді тасымалдау	4011
Туғызатын жолаушылар тасымалдары	4112
Химиялық және іргелес заттар - басқа жерде жіктелмеген	5169
Мұнай және мұнай өнімдері	5172
Тікелей маркетинг - сақтандыру қызметтері	5960
Отын жеткізушілер - көмір, мазут, сұйытылған мұнай, ағаш	5983
Қарыздар, неке, жеке мәселелер - кеңес беру	7277
Жұмыспен қамту агенттіктері, уақытша анықтамалық қызметтер	7361
Кенес беру, басқару және қоғаммен байланыс қызметтері	7392
Детективтік агенттіктер, қауіпсіздік агенттіктері, қауіпсіздік қызметтері, оның ішінде брондалған көліктер, күзет иттері	7393
Автотұрақтар мен гараждар	7523
Автокөлік қызметтері	7538
Саяси ұйымдар	8651
Діни ұйымдар	8661
Аудит және бухгалтерлік есеп	8931
Мемлекеттік қызметтер - басқа жерде жіктелмеген	9399
Пошта қызметтері - тек мемлекеттік	9402

*МСС (Merchant Category Code) – эквайер-банк беретін сауда және сервис кәсіпорны қызметінің түрін айқындайтын төрт таңбалы код.